



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№21 (610)
29 мамыр,
2025 жыл



Нұрсұлтан МҰРАТБАЙҰЛЫ:

НЕГЕ БАТЫСҚА ЕЛІКТЕЙМІЗ?

Кей адамдар табысты болуды мақсат етеді, ал кейбіреулер табысты болудан бұрын – пайдалы болуды көздейді. Кейіпкеріміз екінші жолды таңдап, халық жүрегіне тек дәмді аспен ғана емес, ерекше ілтипаттың арқасында жетуді көздеген жас кәсіпкер. Қызылордадағы «Арафат» мейрамханасының басшысы, «Дәстүр кофе» бренді арқылы ұлттық болмысты заманауи форматта танытып жүрген кәсіпкер Нұрсұлтан Мұратбайұлы мейрамхана бизнесін жай ғана табыс көзі ретінде емес, тұтынушының жан-дүниесіне үңілудің бір жолы деп қарастырады. Даяшылықтан бастап үлкен кәсіпке бетбұрған ресторатормен сұхбаттасудың сәті түсіп, мейрамхана бизнесі туралы әңгіме өрбіттік.

– Сіз үшін тағам мәдениеті – тек кәсіп емес, жан дүниенің бір көрінісі іспетті. Айтыңызшы, мейрамхана бизнесіне бет бұрғызыған басты себеп не еді?

– Бизнес саласына келуім – кездейсоқтық емес. Бірақ «бала күннен армандап едім» деу де шындыққа жанаспайды. Өмір жолым бірден бұл бағытқа бұрыла қойған жоқ. Ең алғашқы мамандығым – дәрігер. Адам жанына араша түсу, ақ халат киіп, адам өміріне шипа болу – үлкен жауапкершілік екенін ерте түсіндім. Алайда тағдыр мені бұл жолмен ұзақ жүргізбеді. Алғашқы ота кезінде қанды көріп, есімнен танып қалғаным – осы саламен қош айтысуыма себеп болды. Сол сәтте-ақ жүрегіме медицина емес, мүлде басқа әлем жакын екенін сездім.

Жаңа жол іздеп, қарапайым даяшы болып жұмыс істеуден бастадым. Бұл – менің өзімді таныған, бойымдағы қабілеттерімді ашқан кезең болды. Уақыт өте келе, мейрамхана бизнесі менің өмірімнің ажырамас бөлшегіне айналды. Мұнда мен тек қызмет атқарып қоймай, үздіксіз дамимын, үйренемін, армандаймын. Әр келген қонақ – мен үшін жаңа оқиға, жаңа тағдыр, жаңа шабыт. Бірі қуанышымен келсе, бірі мұңымен бөліседі. Сол сәтте мен тек кәсіпкер ғана емес, психолог, кеңесші, кейде үнсіз тыңдарман боламын.

4-бетте

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАЛАЛАР КҮНІ: 365 КҮННІҢ ЖҮГІН АРТҚАН МЕРЕКЕ

Маусымның алғашқы күні... Жаздың самал желіндей жайлы, күннің шуағындай мейірімді, шат күлкімен көмкерілген осы бір күн – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл – жай ғана мереке емес. Бұл – келешекке деген жауапкершіліктің, ұлттың аманатына айналған ұрпаққа деген қамқорлықтың белгісі. Алаңсыз балалық шақты тойлайтын бұл күні саябақтарда ән шырқалып, түрлі ойын-сауық ұйымдастырылып, бала жүректер шынайы қуанышқа кенеледі. Бұл – балаға көрсетілер мейірім мен ықыластың, сүйіспеншіліктің белгісі, оларды еркелетіп, елеспескеретін, еркін қиял мен шексіз арманға қанат бітіретін мереке.



Коллаж «АЖ»

Балалық шақ – адамның ең нәзік әрі ең құнды кезеңі. Осы кезеңде сәби жүрегіне не ексең, соның жемісін көресің. Бұлай деуімізге атақты жазушы Лев Толстойдың: «Бала тәрбиесі – болашаққа салынған көпір» деген қанатты сөзі дәлел.

Балалар – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Олардың күлкісі мен қуанышы – қоғамның дамуы мен өркендеуінің айнасы. Сондықтан да бұл күн тек мерекелік көңіл-күймен

шектелмей, балалардың құқықтарын қорғау, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне де назар аударуға шақырады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында атап өткендей, балаларға қамқорлық көрсету – бұл ортақ жауапкершілік әрі мемлекеттік

саясаттың басты басымдығы. Осыған орай бұл бастама – балалар мәселесіне ерекше көңіл бөлуге және балалардың қауіпсіз ортада өсіп-жетілуіне жағдай жасауға, сондай-ақ қоғамның назарын бала құқығы мен балалық шақтағы өзекті мәселелерге аударуға бағытталған.

2-бетте

31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ

Қазақ не көрмеді? Осы уақытқа дейін небір сұмдық пен қиындықты бастан өткерген халық соғысты да, ашаршылықты да көрді. Соның ішінде 31 мамыр – қазақ жадында мәңгі сақталады.

Жаппай саяси қуғын-сүргін мен миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық – ұлт үшін жанын пиде етіп, жазықсыз жапа шеккен зиялыларды аттырды, кінәсіз жұртты аштықтан қырды. Өз ғұмырында мың өліп, мың тірілген қазақ сондада ұлттық



рухы мен бекзаттық болмысына сызат түсірмей, ұланғайыр жері мен имандай ұйыған елін аман сақтап қалды.

Расында бүгінгі ұрпақ бақытты. Бейбіт аспан астында дүниеге келіп, аштық пен суықты сезбей, жақындарының тағдырына алаңдамай есейіп келеді. Оларға тарих беттерінде қалған зұлмат жылдарды сезіну, тіпті елестету мүмкін емес. Сондықтан қиын жылдардың құрбанына айналған боздақтардың рухына тағзым етуге – міндетті.

2-бетте

АЖАЛ ТЕРЕЗЕСІ

Көктем мен жаз мезгілінің бастала бере елімізде балалардың терезеден құлау оқиғалары жиілей түседі. Әсіресе көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын отбасылар үшін бұл – үлкен қауіп. Жыл сайын қайталанып келе жатқан бұл оқиғалар қоғамда алаңдаушылық тудырып отыр.



Балалардың терезеден құлауы – тек Қазақстанда емес, әлем бойынша жиі тіркелетін оқиға жағдай. Жыл басынан бері Қазақстанда 60 бала терезеден құлап кеткен. Өкінішке қарай, олардың бесеуі ажал құшқан. Қалған 55 бала түрлі деңгейдегі жарақаттармен ауруханаға түскен. Бұл туралы 20 мамырда Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі ресми үндеу жасап, мәлімдеді.

Министрлік көктемгі, жазғы маусымда және оқушылардың жазғы демалысы кезінде мұндай жағдайлардың күрт көбейетінін алға тартады. Мәселен, 2023 жылы 170 оқиға тіркелсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 196-ға жеткен. Бұл – жай ғана статистика емес, жүздеген отбасының орны толмас қасіреті.

Ата-аналардың жауапсыздығы немесе қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемей – қайғылы жағдайлардың басты себебі. Министрлік

өкілдерінің айтуынша, 2 жас-тан 13 жасқа дейінгі балалардың бақылаусыз қалуы, терезеге орнатылған москит торына сүйенуі жиі қайғылы жағдайға алып келеді. Москит торы – шыбын-шіркейден қорғануға арналған, ол баланың салмағын көтере алмайды.

7

5094 жасөспірім жасынан бұрын ана атанды. Бұл – 2023 жылы тіркелген дерек. 15 жастағы қаршадай қыздың партада емес, перзентханада жүргені бұрын құлаққа түрпідей тиетін. Ал қазір мұндай жайтқа танданатындар азайған. Өйткені кейінгі бес жылда 15-18 жас аралығындағы туу көрсеткіш 1,5 есе өскен. Өкініштісі, күнтізбе өзгерсе де, көрсеткіш өзгермей тұр. Қолындағы қуыршағын бөбекке алмастырғандар неге көбейді? Мәселе анық. Ал себебі мен салдарына үнілу қажет. Қарастырайық.

БАЛАНЫҢ ДА БАЛАСЫ БАР...

Қазақ үшін қыз бала – бір әулеттің емес, бүтін елдің аманаты. «Қыз өссе – елдің көркі» деген тәмсіл де бекер айтылмаған. Ертеден бастап қыз бала ерекше тәрбиеленіп, нәзік-тіктен бөлек, парасат пен пайым да қатар жүктелген. Себебі ол – болашақ ана, ұрпақ тәрбиелеуші, шаңырақтың шырақшысы. Ал абыройы отбасының, тіпті әулеттің абыройымен тең саналған. Бүгінде көбі жақтырмайтын «Қызға қырық үйден тыйым» деп басталатын ұғым



шектеу емес, керісінше қорғау еді. Томирис пен Домалақ ана, Бегім мен Болай ханым барлығы қазақ әйелінің ұлт алдындағы жауапкершілігін айқындайтын тұлғалар. Ал бүгін ше? Бүгінгі қыз – кешегі қазақ қызынан бөтен болмау тиіс. Заманы басқа, талабы бөлек болғанымен, бұрымдының қадірі сол қалпы қалу керек.

3

Басы 1-бетте

БАЛАЛАР КҮНІ: 365 күннің жүгін артқан мереке

Қоғамның кемелдігі оның балаға деген қарым-қатынасынан көрінеді. Бүгінде әлем елдері балалардың құқығын қорғау, олардың қауіпсіз дамуына жағдай жасау бағытында түрлі халықаралық құжаттар қабылдап, нақты бағдарламалар жүргізуде. Бірақ қағаздағы ереже мен өмірдің шындығы әрдайым бір арнада тоғыса бермейтін рас.

«Токпак» емес, түсінік керек

Психологтар кейінгі жылдары балалар арасындағы мазасыздық, уайым, депрессия мен жалғыздық сезімі күрт артқанын алға тартып, дабыл қағып келеді. Әсіресе әлемді жаулаған пандемиядан соң мектеп жасындағы балалардың көбі психологиялық қолдауға зәру екені анықталды.

Баланың жан дүниесі де тәрбие мен қамқорлықты қажет етеді. Қазіргі балаларда күйзеліс, жалғыздық, мазасыздық сияқты сезімдер жиі кездеседі. Психологиялық саулық – бақытты балалықтың кілті, болашақ өмірінің берік іргетасы. Әр баланың жанын түсініп, сезіміне серік бола білу – ата-ананың ғана емес, күллі қоғамның міндеті. Мектептерде психологтар жеткіліксіз, ал ата-ана көп жағдайда баланың ішкі күйіне үңілуге уақыт таппайды. Тіпті кейде баланың көңілсіздігіне мән де бермей, тәртіпке саламыз. Бұл – қатерлі қадам.

Халық даналығында: «Баланды бес жасқа дейін патшаңдай көр, он бес жасқа дейін қосшыңдай жұмса, он бестен кейін ақылдас» деген бар. Осы бір сөздің астарында бүкіл педагогиканың, бүкіл психологияның мәйегі жатқандай. Баланың еркін өсуі, өз ойы мен ұстанымының қалыптасуы, өзін жеке тұлға ретінде сезінуі – тек сенім мен сүйіспеншілік арқылы жүзеге асады. Бала өзінің уайымын әрқашан сөзбен жеткізе алмайды. Ол үнсіз қалуы, ашулануы, тұйықталуы – ішкі дағдарыстың көрінісі. Мұндай кезде оған тек «тәртіп» емес, «түсінік» керек.

Тәрбие – тал бесіктен

Түрлі әлеуметтік желі мен онлайн контенттің ғасырында балалардың не көріп, нені тыңдап жүргенін бақылау – әрбір ата-ананың міндеті. Телефон ұстаттық – тыныштық табамыз, «YouTube» қостық – мазамыз кетпейді деген түсінік бала келешегіне танытқан немқұрайлылық екенін ескерейік. Себебі ғаламтордағы саныз бейнематериалдың арасында бала түгілі, жасы үлкенге де ауыр тиетін,



психикаға кері әсер ететін дүние жетерлік. Бала тәрбиесі – бесіктен. Ал қазір бесік – смартфон, тербететін – «TikTok», әлдилейтін – лайк. Ата-ана мен ұстаз мұндай ақпарат ағынының ішінде адаспай, бала бойына сіңетін пайдалы дүниені сүзгіден өткізіп отыруы керек.

Қазір балалар арасындағы тағы бір өткір мәселе – буллинг. Атауы жат көрінгенмен, заты етене таныс. Буллинг – бір баланың екінші балаға психологиялық, әлеуметтік, кейде физикалық қысым көрсетуі. Бұл – күлкі мен кекесіннен басталып, қорқыту мен шеттетуге ұласатын, баланың жанын жегідей жейтін жасырын соғыс. «Сөз сүйектен өтеді» дейтін халқымыздың тәмсіліне мән берсек, буллингтің бала психологиясына тигізер залалы орасан.

Мектеп ішіндегі буллинг – бүгінгі білім ордаларының көзге көрінбейтін жарасы. Әсіресе ұяң, өзгеше ойлайтын, сырт келбеті өзгелерден ерекшелуеу балалар мұндай қысымға жиі ұшырайды. Бір қарағанда балалық «ойын» болып көрінгенімен, бұл жағдай баланың өз-өзіне сенімін жоғалтып, тұйық, үрейшіл, тіпті болашағына сенбейтін адам болып өсуіне ықпал етеді. Көп жағдайда балалар өзіне жасалған буллингті жасырады, ата-ана мен мұғалім де мән бере бермейді. Ал уақытында алдын алмаған буллинг, өкінішке қарай, адам өмірімен бағалануы да мүмкін.

Буллингпен күресу үшін баламен ашық диалог орнату маңызды. Ата-ана, мұғалім және психолог ұштағаны мықты болса, бала өзін жалғыз сезінбейді. «Бала тәрбиесі – бір күндік емес, бір ғұмырлық еңбек» десек, бұл еңбекке тек білім мен тәрбие емес, түсінік пен төзім де кіреді. Әр баланың орны – өз алдына бір әлем. Сол әлемге құрметпен қарау – балалықты құрметтеу.

Балалардың өзара қарым-қатынасында тағы бір алаңдатарлық жайт – былапыт сөйлеу мен бейәдеп сөздердің жиі қолданылуы. Бұрын үлкеннің алдын кесіп өтпейтін, екі ауыз сөзін «тәубе» мен «біссіміл-ладан» бастайтын қазақ баласы бүгінде «тренд» деген желеумен тілін ұлап, сөз қадірі қағажу қалып барады. Бұл – жай ғана жаман әдет емес, тұтас мәдениет пен тәлім-тәрбиенің құлдырауы.

Қазір бала былапыт сөзді ойын кезінде, әзіл ретінде немесе ютубтағы блогерлерден көріп айтып жүр. Бұл – ішкі мәдениетсіздіктің қалыптасуына, ашуын сөзбен басуға бейімделген дөрекі мінездің өршуіне апаратын жол. «Бала құлақтан емес, көзден емес, естіген сөзден тәрбие алады» десек, отбасындағы әрбір ересек, әрбір ұстаз, әрбір аға-әпке – тіл ұстазы.

Бүгінде былапыт сөз айту қалыпты дүние секілді көрініп кеткелі қашан?! Тіпті кейбір ата-ана «өзіміз де бала кезде сөйледік қой» деп жылы жауып, не болмаса әлі тілі шықпаған балаға «тез сөйлеп кетеді» деп жаман сөз үйретіп, немқұрайлылық танытады. Ғайбат сөзді естісе де, міз бақпайтындарды да кезіктіргенбіз. Бірақ қазіргі ақпараттық дәуір мен бұрынғы кезеңді салыстыруға келмейді. Қазір әр сөз миллиондаған адамға тарайды, әр жаман сөз нормаланса, ол ертең қоғамның моральдық іргетасын сөгеді. Сондықтан баланың аузына абай болуымыз керек, баланың жанын лас сөзбен емес, мейірімді, мәні бар сөзбен байытуға тиіспіз.

Қорыта келе айтарымыз, балалардың бақыты тек бір күнмен шектелмеуі тиіс. Олар – өмірдің мәні, болашақтың бастауы ғана емес, бүгінгі күннің де баға жетпес байлығы. Баланы тек 1 маусымда ғана ескеріп, қалған күндері ұмыт қалдыруға болмайды. Себебі сәби тек бір сәттік мерекеге ғана емес, мәңгілік махаббатқа лайық. Әрбір таң баланың күлкісімен басталып, әрбір шешім – олардың мүддесін ескере отырып қабылдануы тиіс. Өйткені бала тек елдің ертені ғана емес, бүгінгі тіршіліктің тірегі.

Бала – ата-ананың ғана емес, тұтас қоғамның аманаты. Мектеп пен медицина, заң мен әлеумет, БАҚ пен өнер – барлығы да бала үшін жұмыс істеуі керек. Оларды тек мейрамда емес, әр сәтте қадірлеу – біздің адамдық парызымыз. 365 күннің жүгін артқан тәтті мейраммен барша бүлдіршіндерді құттықтаймыз!

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

◀ 31 МАМАҒЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қуғын-сүргін құрбандарын еске алып: «Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз» деген еді.

Тарих беттерін парақтасак, XX ғасырдың бірінші жартысында болған саяси оқиғалар миллиондаған адамның өмірін қиғанын білеміз. Осы кезеңде комиссия XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси

650 адамның қатарында болды.

Саяси қуғын-сүргін дегенде еске ашаршылық та түседі. Өкінішке қарай, ғалымдар да, ресми тарих та ашаршылықтан ажал құшқан қазақ саны туралы бір тоқтамға келе алмай жүр. Бір деректерде 1921-1922 және 1930-1933 жылдары жүрген ашаршылықтардың кезінде қырылған қазақтың саны 1 миллион адам делінсе, тағы бір көздерде 2-3 миллион

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ



қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік комиссия құрамында 425 ғалым мен зерттеуші, оның ішінде 260-тан аса маман аймақтық комиссияда еңбек етті. Олар Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі 60-тан астам мемлекеттік және ведомстволық архивте сақталған құжаттарды зерделеді. Соның арқасында 2,6 миллионнан астам құжат пен материалдан «құпия» белгісі алынып тасталды.

Ресми дерекке сүйенсек, Сталин заманындағы қуғын-сүргіннің кезінде ғана Қазақстан аумағында Карлаг, Степлаг, АЛЖИР сияқты 11 арнайы лагерь болған. Ондағы 2 миллионға жуық тұтқынның бестен бір бөлігі өзге республикалардан айдап әкелінді. Нақтырақ айтсақ, 800 мың алман ұлттының, 550 мың Кавказ халықтарының өкілі, 18,5 мың кәріс пен Қиыр Шығыс халықтары күшпен көшіріліп әкелінді. Жалпы XX ғасырда қазақ жеріне Мәскеудің пәрменімен 5,6 миллион бөгде елдің азаматы көшірілді. Бұл сол кездегі қазақ халқының санынан көп еді, өйткені ұлттың басым бөлігін екі толқынмен жүрген алапат ашаршылықтар жойып кетті.

1921 және 1954 жылдар аралығында Қазақстанда 3,7 миллион адам сотталып, 640 мыңы атылған. Соның ішінде саяси себеппен атылған. Бұл 25 мың адамның арасында елде басшылық қызметтер атқарған 650 адам да бар. Қазір Алаш арыстары деген атпен ұлықталып жүрген асыл тұлғалардың бәрі осы

адамға жеткені айтылады. Тағы бір топ ашаршылық жалмаған буынның жалпы санын 4-5 миллионға дейін апарып тірейді.

Жалпы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң алғаш рет 1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған. Содан бергі 30 жылдың ішінде құжат 7 рет жаңартылыпты. Соңғы жаңарту 2023 жылдың 19 сәуірінде енгізілген. Зандығы ақталуға жататын тұлғалар мен ақталуға жатпайтын тұлғалардың санаты 30 жыл бұрынғы редакциясындағыдай өзгеріссіз қалған. Тек 6-баптың «а» тармағындағы «зорлық-зомбылық» деген сөздің орнына «терроризм» деген сөз қойылған.

Қасіретті жылдар Сыр елін де айналып өтпеді. Мәліметтеріне жүгінсек, сол уақытта тоталитарлық жүйе жүргізген саясат салдарынан облыс бойынша 4038 отбасы қуғынға ұшыраса, 1153 адам оққа ұшты.

Қызылордада 1998 жылы «Арай» шағын ауданында ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш 1930-1940 жылдары саяси жазалау құрбандарының жерленген орнында орнатылған. Ескерткіштің авторы – архитектор Мәлік Сапарғалиев. Жыл сайын бұл жерде боздақтар рухына тағзым жасалады.

Қалай болғанда да өткеннің өшпес іздері ел жадында мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Ұрпақ алмасар, бірақ сонда да кейінгі жастың міндеті – бейбіт күннің қадірін білу болып қала бермек.

Нұр БАҚЫТ



Басы 1-бетте

БАЛАНЫҢ ДА БАЛАСЫ БАР...

Дерекке сүйенсек, балалардың балалы болуы пандемия кезінде күрт өскен. Ендеше жағдайды санмен сипаттайық. 2020 жылы жеті мыңға жуық жасөспірім жүктілік бойынша тіркеуге алынып, мыннан астамы жасанды түсік жасатқан. Оның ішінде 5639-ы ана атанды. Мұның өзі адам шошырлық. Дегенмен сол уақытта Денсаулық сақтау министрлігі кәметел жасқа жетпағандардың ерте жаста жүкті болуы 2019 жылмен салыстырғанда едәуір азайғанын хабарлады. Ал азаймағаны қанша?

6-8 жыл бұрын Бахтияр Мәкен, Сәуле Айтпаева сынды депутаттар жаңа туылған сәбиді әжетханада тастап кету, 30 мыңнан астам бұрымдының жүкті болуы туралы айтып, дабыл қаққан еді. Сол кездің өзінде біздегі көрсеткіш Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда үш есе жоғары болған. Сонымен қатар Қазақстанда жасөспірім кездегі жүктілік, түсік тастау, кәметелке жетпей ана атанудың алдын алуға бағытталған тиімді бағдарламаның жоқ екені айтылған еді. Ал қазіргі ресми дерекке сүйенсек, 5 жылда ерте жүктілік 43%-ға азайған. Былтыр 15-17 жастағы жасөспірімнің жүктілік және босану жағдайы 2023 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға төмендеген. Сондай-ақ жыныстық қатынасқа ерте түскен қыздардың арасында аборт саны 13,4%-ға азайған. Пандемия уақытындағы сандарға қарағанда азайды, рас. Десе де арқаны кеңге салуға тым ерте.

Мысалы, сенатор Нұртөре Жүсіп депутаттық сауалында бұрымдылардың мәселесін көтерді.

– Әрбір жүктілік бала тууға әкелмейтінін назарға алсақ, жүктілік жағдайы біз келтірген деректен әлдеқайда көп болуы мүмкін екенін аңғарамыз. Былтыр жасөспірімдер арасында жүктілік жағдайының 10,2%-ға төмендегені байқалады. Дегенмен уәкілетті орган жүктіліктің әрбір жағдайын тіркемейтінін есте ұстаған жөн. Сондықтан деректің дұрыс есептелмеуінен де осындай динамика қалыптасуы мүмкін. Ауылдық жердегі жасөспірімдер арасында аталған көрсеткіш қаладағы көрсеткіштен екі есе көп. Біз қайда бара жатырмыз? Ұят деген ұғымның өлгені ме? Адамдықты надандық жеңгені ме? Бұл бірліктің жағдай болса бір жөн. Елдегі жеті өңірде, әсіресе, оңтүстік және батыс аймақтарда жасөспірімдер арасындағы туу көрсеткіші республикалық көрсеткіштен жоғары. Оның ішінде, Жамбыл, Түркістан және Маңғыстау облыстарындағы дерек ерекше алаңдатады, – деді депутат.

Былтыр жыныстық сауаттылық мәселесіне қатысты өткен форумда акушер-гинеколог Айжан Төреханова да жүкті қыздар көбіне Түркістан, Маңғыстау мен Алматы облыстарында тіркелгенін айтқан еді.

Ал Қызылордада жағдай қандай? 1-тоқсандағы ақпаратқа сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда ерте жүктілік 24%-ға төмендеген. Көбіне мұндай жағдай 16 мен 17 жас аралығындағы жасөспірімдерде кездеседі. Ал кейінгі екі жылда ерте жүктілік 16%-ға артқан. Облыстық денсаулық сақтау

басқармасының жауабында медициналық көрсеткіш бойынша жүктілікті тоқтату мен баладан бас тарту дерегі тіркелмегені айтылған. Ал жас ананың барлығы отбасылы.

Ал ерте жүктілік пен түсік жас ағза үшін қаншалықты қауіпті? Бұл сауалға жауап алу үшін Жастар денсаулығы орталығының гинеколог маманы Айгерім Идирисовамен байланыстық.

– Жасөспірімнің шалғы қадамының артында үлкен қатер бар. Жас ана жүктілікті физикалық тұрғыда көтере алмайды. Оның ағзасына екі есе жүк түседі. Оның ішінде анемия, эндокриндік жүйенің бұзылуы, бүйрек аурулары секілді проблемалар жиі кездеседі. Мұндай жағдайда дені сау баланың дүниеге келуі екіталай. Көп жағдайда босану қиындап, нәресте ауру болып тууы мүмкін. Ал ең қорқыныштысы – жас ананың өлімі. Бұрын ерте жүктілік көбіне тұрмыс деңгейі төмен отбасыларда кездесетін болса, қазір ол әлеуметтік жағдайға қарамай кең таралуда. Себебі кей ата-ана қыз балаға шектен тыс еркіндік береді. Күн ұзақ жұмыста жүріп, баласынан хабарсыз болады. Көп ата-ана баласының жыныстық өміріне араласқысы келмейді. «Интернетте барлық ақпарат бар» деп ойлайды. Бірақ бұл үлкен қателік. Баламен жеке гигиена, репродуктивті денсаулық, ерте жыныстық қатынастың зияны туралы сөйлесу әр ата-ананың міндеті, – деді ол.

Ерте жүктіліктің себебі де әртүрлі. Оның бірі – зорлық-зомбылық.

– Жап-жас қыздарды қорлау, тіпті зорлау көбейді. Бұл жағдай да ерте жүктілікке әкеледі. Бірақ көбіне мұндай оқиғалар жабулы күйінде қалады. Ішінен тынып қыз қалады, ал жүректерде сыз қалады. «Ауруын жасырған өледі» дейді біздің қазақ. Көрсек те көрмеген, білсек те білмеген болып отыра береміз бе? Біз бұл проблемаға айрықша назар аударуымыз қажет. Өйткені оның салдары әлеуметтік тәуекелдерге әкеліп соқтырады. Бұл – өте нәзік әлеуметтік мәселе. Бала көтеретін жасқа келген қазіргі жасөспірімдердің репродуктивті денсаулық жағдайы алдағы 10-15 жылдағы туу мен демографияға тікелей әсер ететіні анық, – дейді Нұртөре Байтілесұлы.

Бас прокуратураның дерегіне сүйенсек, былтыр кәметелке толағандарға қатысты зорлық-зомбылық әрекетінің 225 фактісі тіркелген. Ал оның 215-і сексуалдық сипаттағы жағдай.

Келесі себеп – жастардың білімсіздігінде. Яғни жыныстық сауаттылық төмен. Дегенмен арнайы статистика, «сөйлейтін» сан жоқ. Мамандар жастардың ересектерге еліктеп, жыныстық өмірін ерте бастайтынын айтады. Тіпті

қорғану әдістері туралы да білімі аз. Ал жастардың 70%-ы алғашқы жыныстық қатынасқа 15 жасқа дейін түседі. Жыныстық тәрбие бойынша тренер Аслан Темірханның айтуынша, жастардың 91%-ы жыныстық жолмен тарайтын инфекцияларды білмейді, тіпті олардың қалай таралатыны жөнінде бейхабар. Сонымен қатар ата-ананың жасөспірім баласымен бұл тақырыпта сөйлеспейтінін айтты. Ал бұл ретте, әрине, әлеуметтік желідегі ақпарат жасөспірімге азық болады. Бірақ интернет-ресурс әрқашан дұрыс ақпарат бермейді. Мысалы, жыл басынан бері құқыққа қайшы келетін 5000-нан астам интернет-ресурс анықталса, оның 600-ден астамы порнография таратқан. «Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» халықаралық әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша, сауалнамаға қатысқан 1201 баланың 7,1%-ы кейінгі жылдары сексуалдық сипаттағы хабарлама алғанын, 3%-ы сексуалдық сипаттағы фотосуреттері мен бейнежазбалары үшін өздеріне ақша немесе сыйлық ұсынылғанын, 1,8%-ы сексуалдық қатынасқа түсу мақсатында өзгелердің қорқытқанын немесе бопсалағанын, қыздардың 10,1%-ы онлайн таныстарымен жеке кездескенін көрсеткен.

Денсаулық сақтау министрлігі ДДҰ сарапшыларын тарту арқылы 2025 – 2026 жылға арналған жастар денсаулығы орталықтарының қызметін жетілдіру жөніндегі жол картасын әзірлеп, іске асыруда. Сонымен қатар ЖДО-ға қойылатын талаптарды қайта қарау, қызмет көрсетуінің қолжетімділігін жақсарту бойынша нақты шаралар көзделген. Ал репродуктивті денсаулық бойынша «Өмірге сауалатты қадам» жобасы жүргізілуде. Елде тұрмыстық зорлық-зомбылық

құрбандарына арналған әлеуметтік қызмет көрсететін 48 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, оның ішінде 20 дағдарыс орталығы мемлекеттік секторда. Мұнан бөлек, 103 жастар денсаулығы орталығы бар. Ондағы 700 маман жастар үшін қызмет етеді. Былтыр ЖДО қызметкерлеріне 700 мыңнан астам адам жүгініп, 150 мыңға жуық ақпараттық-ағарту шара ұйымдастырылған. Дегенмен кездесу өткізу жеткіліксіз.

– Ерте жүктіліктің алдын алу үшін мектепте, колледжде, жалпы оқу орындарында тәрбие сағаттары, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Дегенмен отбасында да жыныстық тәрбие болу керек. Анасы мен қызы тығыз байланыста болғаны жөн. Қыз баланың жыныстық жетілу кезеңі басталғанда жүктілікке бейімділік те басталатынын, бұл кезеңнің маңызын, ағзаның өзгеруін және жауапкершілік жүгін анасы дұрыс түсіндіруі қажет. Ерте жүктіліктің денсаулыққа зияны мен болашақ өміріне әсерін ашық айту қажет. Сондықтан бұл мәселеде қоғам, мектеп, медицина мамандары мен ата-ана жұмыла әрекет етуі тиіс. Жасөспірімнің болашағы – біздің бүгінгі қамқорлығымызға тікелей байланысты, – деп пікір білдірді гинеколог маман Айгерім Идирисова.

Сонымен қатар депутат Айнұр Аргынбекова арнайы пән енгізу қажет дейді.

– Жалпы білім беретін мектептер мен колледждерде жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы бойынша пән енгізу қажет. Қазіргі оқу бағдарламасында бұл қарастырылмаған. Біз балаларға жас ерекшеліктері мен психологиялық факторларды ескере отырып, нақты әрі дұрыс ақпарат беруіміз керек. Бұл тақырыпта тек қыздар емес, ұлдар туралы да айту маңызды, – деді депутат.

Десе де бұл мәселенің ашық талқыланына қарсы ата-ана да бар. Естеріңізде болса, 2 жыл бұрын Жетісу облысына қарасты Текелі қаласындағы №8 мектепте ерте жүктілікке қатысты оқушылар арасында жүргізілген іс-шараға ата-аналар наразылық білдірген еді.

– Мектепте кәметелке толағандардың ісі жөніндегі комиссияның хатшысы мен аурухана психологы 7-9 сынып оқушыларымен

кездесті. Қонақтар негізінен буллинг пен кибербуллинг тақырыбын көтеріп, оқушылармен әңгімелескен. Аурухана психологы басқосуды ерте жүктілік тақырыбымен жалғастырған. Содан соң балаларға парақша таратқан. Бірақ онда не жазылғанын мектеп басшылығына таныстырмаған, – деген еді облыстық білім басқармасының басшысы.

Ал ата-аналардың шағымынан кейін Текелі қаласының білім бөлімі арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, келеңсіздікке жол берген аурухана психологына көпшіліктен кешірім сұрату жөнінде шешімге келді.

Мақсат – мәселені жазу емес, нәтижеге жету. Ал біз көтеруге, ашып жазуға тырысқан проблема бойынша алдымен нақты статистика жүргізілгені жөн. Тек құрғақ саннан құралған құжат емес, халықаралық ұйымдар, ҚР Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің қатысуымен жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің өсу себептеріне талдау жүргізу қажет. Жыныстық сауаттылық деңгейін арттырып, жастардың санасына репродуктивті денсаулық тақырыбын «құю» керек.

Біз ұятты ұмытқан ұрпақ емес, ұрпағына жауапты ұлт болғымыз келсе күн тәртібіндегі маңызды мәселенің себебі хәм салдарымен күресуіміз керек. Әйтпесе баланың да баласы көбейе бермек.

Әлия ТӘЖІБАЙ



НҰРСҰЛТАН МҰРАТБАЙҰЛЫ:

НЕГЕ БАТЫСҚА ЕЛІКТЕЙМІЗ?



Мейрамхана – мен үшін жай ғана табыс көзі емес. Бұл – менің жан дүниемнің айнасы, өсуіме, өзімді табуыма жол ашқан өмір мектебі. Бүгінде әрбір табалдырықтан аттаған жаннның көңілінен шығу – басты мақсатым. Себебі мен үшін бизнес – жүректен басталуы тиіс.

– **Өңірдегі «Арафат» мейрамханасы бүгінде көпшіліктің сеніміне ие. Осындай сұранысқа қол жеткізу үшін қандай ішкі ұстанымдар мен қағидаларды басты орынға қойдыңыз?**

– Біздің ең басты ұстаныммыз – адалдық. Бұл – табысқа бастар жолдың төресі. Біз ешқашан тұтынушыны алдамаймыз, артық уәде беріп, соңында құрғақ сөзбен құтылуы білмейміз. Не айтсақ та, соны мүлтіксіз орындауға тырысамыз. Себебі сенім бір күнде келмейді, бірақ бір сәтте жоғалуы мүмкін. Сондықтан әрбір қадамымызда шындық пен шынайылыққа сүйенеміз.

Біздің жетістікке жетуіміздің тағы бір сыры – тәртіп пен ұжым ішіндегі ұйымшылдық. Команда берік болмаса, жұмысты сапалы істеу мүмкін емес. Өзім де осы саланың ең төменгі сатысынан бастадым. Сол себепті даяшының да, аспаздың да, тазалықшының да еңбегін жүрегіммен түсінемін. Өрқайсысының мандай терін құрметтеймін.

Біз адамдарға тек дәмді тағам ұсынып қоймаймыз, оларға көңіл күй сыйлаймыз. Өр келген қонақ – бір сәт тынығып, жанын демалдыру

үшін келеді. Сол сәтте оның жүзіне күлкі үйіріп, жан дүниесіне жылулық дарыта алсақ – нағыз жеңісіміз сол емес пе?!

– **Көптеген кәсіпкер мәзірге түрлі тағам түрін қосқанымен, «жүрекке жететін» дәмді сирек кездестіреміз. Сіздіңше, шын мәнінде мейрамхана мәзірі қандай болуы керек? Тұтынушының көңілінен шығу үшін не маңызды – дәм бе, дизайн ба, әлде эмоция ма?**

– Мәзір – бұл жай ғана тамақтардың тізбегі емес, бұл – мейрамхананың жаны, тынысы, ішкі болмысы. Өр тағам – біз туралы үнсіз сыр шертетін шынайы әңгіме. Меніңше, дәмнің шынайылығы – махаббатпен, шын ықыласпен дайындалғанында. Өр асқа жан беретін – аспаздың жүрегінен төгілген жылулық.

Тағам – өткен мен бүгінді, бала күнгі сағыныш пен қазіргі сәттің ләззатын жалғаушы көпір іспетті. Ал мәзірдегі суреттер мен дизайн – тек сыртқы әсем безендіру ғана. Қонақтың қайта айналып келуі үшін, тағам тек қарын тойдырмауы тиіс – ол жүрекке жетуі қажет. Дәм сезімге әсер етпесе, эмоция сыйламаса – бәрі бекер. Себебі шынайы дәм адамның жан дүниесін қозғай алғанда ғана шын мәнінде бағалы.

– **Кез келген кәсіпте сүріну – заңдылық. Сіз осы жолда қандай ірі қателіктерге тап болдыңыз? Сол сәттер сізге не үйретті?**

– Өздеріңіз білетіндей, қателіксіз өсу болмайды. Өр өрлеудің артында бір емес, бірнеше сүріну жатады. Мен де талай рет шалынып, талай қателестім. Бірде сенім артқан адамың сенімдіңді ақтамай, көңіліне дақ түсіреді, енді бірде мұқият құрған жоспарың жүзеге аспай, шығынға батасың. Бірақ мен үшін әрбір сәт – бағалы тәжірибе, маңызды сабақ.

Уақыт өте келе бойымдағы сабыр мен салмақ артты. Бүгінгі мен – бұрынғы Нұрсұлтаннан әлдеқайда ұстамдырақ, байыптырақ. Енді шешім қабылдағанда қорықпаймын, бірақ әр қадамымды терең ойлап, ұзақ сараптаймын.

Бизнес жолында ең маңыздысы – жеңілмеу, берілмеу және тоқтап қалмау. Өйткені шын табыс – талмай ізденгеннің, қателіктен қорықпай, әр сәттен сабақ ала білгеннің еншісінде.

– **«Дәстүр кофе» бренді ерекше атмосферасымен көзге түседі. Білуімізше, оның негізін қалаушы – өзіңіз. Бұл жобаның идеясы қалай туды? Заманауи кофехана мен ұлттық рухты ұштастыру қиынға соқпады ма?**

– «Дәстүр кофе» – менің жүрегіме сонау даяшы

болып жүрген кезімнен бұр жарған арманым еді. Сол кезде-ақ санамда «Неге батысқа еліктейміз? Неге қазақы стильде жасалған өзіміздің кофеханамыз болмасын?» деген сұрақ мазалап, тыным бермейтін. Барлығы дерлік батысқа еліктеп, өзімізді ұмыт қалдырып бара жатқандай көріндім. Содан бастап өз болмысымызды дәріптейтін, ұлттық нақыш пен заманауи мәдениетті ұштастыратын орын ашуды мақсат еттім.

Бұл – жай ғана кофе сататын мекеме емес. Мұндағы әр бұрыш, әр бөлшек, интерьер мен безендіру – қазақы рухтың көрінісі. Біз үшін ең маңыздысы – шынайылық пен төл мәдениетті заманауи форматта таныта білу. Иә, кофе – бүгінгінің сусыны, бірақ ол «Дәстүр кофе» арқылы қазақы рухпен үндесіп тұр.

Әрине, басында адамдардың қабылдауы қиынға соқты. «Қазақы кофехана» деген ұғым көпшілікке тосын болып көрінді. Бірақ уақыт өте келе, ұлттық нақышқа сусап жүрген жұрттың жылы пікірі мен ризашылығын ести бастадық. Бүгінде тұрақты келушілеріміз көбейді. Бұл – біздің бағытымыздың дұрыс екенін білдіреді. Демек қазақы болмыс заманауи форматта да өмір сүре алады, әрі ол сұранысқа ие.

– **Тұтынушыларыңыз мейрамханаға тек ауқаттану үшін емес, ерекше әсер үшін келетіні анық. Күн сайынғы қызмет көрсету үдерісінде адаммен жұмыс істеу – ең ауыр әрі ең мағыналы еңбек. Тұтынушының жүрегіне жол табудың кілтті неде деп ойлайсыз? Қызметкерлеріңіздің біліктілігін қалай арттырып отырасыз?**

– Қонақпен қарым-қатынас орнату – бұл жай ғана қызмет көрсету емес, бұл – адамның көңіл күйін дәл сезініп, соған сай жауап бере білу өнері. Өр қонақ – ерекше. Бірі қарны ашып, асығып кірсе, енді бірі шаршап-шалдығып, тыныштық іздеп келеді. Ал кейбірі ішкі күйзелісін ішке бүгіп, үнсіз отырады. Мұндай сәтте біз қонақты іштей «сканерлеп», оның көңіл күйін тап басып тануға тырысамыз. Себебі дұрыс қызмет – тек тамақ әкеліп беру емес, адам жанын түсіне білу.

Мен өзім осы саланы даяшы болып бастағандықтан, қонақпен қалай сөйлесу керек екенін бес саусағымдай білемін. Уақыт өте келе бұл – менің кәсіби дағдым ғана емес, өмірлік тәжірибем айналды. Бүгінде осы білгенімді командалмен бөлісемін, оларды үйретемін, өзім де үнемі ізденіп, білімімді толықтырып отырамын.

«Жай ғана жақсы қызмет көрсет» деу – жеткіліксіз. Біздің мақсатымыз – мейрамханамызға келген әрбір қонақ «маған ерекше көңіл бөлінді» деген әсермен шығуы. Себебі адамдар дәмді асты

ұмытуы мүмкін, бірақ өзіне деген ықыласты, шынайы жылулықты ешқашан ұмытпайды.

– **Бүгінгі жас буын кәсіп ашуға ынталы. Бірақ бәріне бірдей жол ашық емес. Сіз он жылдық тәжірибеніңізге қарап, жастарға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Бұл салада жүргеніме он жыл болса да, өзімді әлі де жас кәсіпкер санаймын. Дегенмен уақыт пен тәжірибе өз жемісін береді екен – көрген-түйгеніммен бөлісер сәт те осы шығар. Ең алдымен, кез келген кәсіпті бастау үшін адамда төзім болу керек. Себебі ешбір табыс жеңіл жолмен келмейді. Қазір көгілдір экраннан, әлеуметтік желілерден бәріміз «жылтыр» жетістікті көреміз. Бірақ ол көріністің ар жағында қаншама еңбек, қаншама ұйқысыз түн, қаншама тынымсыз әрекет жатқанын екінің бірі аңғара бермейді.

Кәсіптің екінші тірегі – адал ниет. Ісіңе шынайы көңілмен, адал жүреппен кіріспесең, ұзаққа бару қиын. Адалдық – табыстың емес, тұрақтылықтың кілті. Ал үшінші, әрі маңызды қағида – адаммен жұмыс істей білу. Бұл жерде қызметкер де, қонақ та – біздің әріптесіміз, серіктесіміз. Команда өссе – бизнес өседі, қонақ разы болса – атак артады. Ал бұл екеуіне немқұрайлы қараған кәсіптің келешегі бұлыңғыр.

Сондықтан, менің ойымша, кәсіпкер болам деген адам – төзімді, адал әрі адамдарды жақсы көруі тиіс. Міне, табыстың шынайы формуласы осында.

– **«Арафат» пен «Дәстүр кофе» – сіздің болмыс-беделіңіздің бір бөлігі ғана. Болашақта тағы қандай биіктерді бағындырғыңыз келеді? Қазақ кәсіпкерлігінің дамуында өзіңізді қалай елестетесіз?**

– Әрине, жоспар – көп, арман – одан да көп. Қазір ойымызда жүрген басты бағыттың бірі – франшиза. Бірақ біз үшін бұл жай ғана кеңею емес, ең алдымен – сапаны сақтау. Сан емес, сапа маңызды. «Дәстүрдің» тек атауы ғана емес, рухы, атмосферасы, шынайы көңіл мен қызмет мәдениеті – сол қалпында сақталуы тиіс. Сондықтан да біз кез келген адаммен емес, біздің құндылықтарымызды түсінетін, сол рухты жеткізе алатын жанашыр жандармен ғана жұмыс істегіміз келеді.

Болашақта еліміздің әр өңірінде «Дәстүр кофенің» шапағаты сезіліп, қазақы нақыштағы ерекше орындарға айналса, одан асқан қуаныш бар ма?! Бірақ бәрі өз ретімен, өз уақытында болмақ. Өр қадам – ойланып жасалуы керек. Алла қаласа, бәрі де жүзеге асады. Ең бастысы – адал ниет, шынайы еңбек және максаттан жаңылмау.

– **Әңгіменізге рақмет!**

Қорлан САРЫ



Бүгінде кәсіпке бет бұрған жастар көп. Алайда сол жолда табандылық танытып, талай сынақтан сүрінбей өткендер аз. Сондай жастардың бірі – Қытайда жоғары білім алып, бүгінде бірнеше кәсіпті қатар алып жүрген Рахат Дәрібай. Ол – жалға беру, тамақтану мен жарнама саласында жұмыс істейді. Бірнеше бағытта кәсібін дөңгелетіп жүрген қызылордалық кейіпкермен кездесіп қайттық.

Рахат Дәрібайға қойған алғашқы сауалымыз – «Кәсіпкер болу оңай ма?».

– Шынымды айтсам, оңай емес. Егер отбасың бұрын соңды кәсіппен айналыспаса, барлығы мұғалім мен мемлекеттік қызметкер болса, бұл жол екі есе қиын болады. Бизнес мен үшін нағыз майдан алаңы секілді көрінетін. Себебі сенің қалауыңды, мақсатыңды ешкім түсінбейді, саған сенбейді. Алғашында «Не істеп жүрсің?», «Мұғалім болмайсың ба?!» деген сөзді күнде еститінімін. Ал мен ішімнен ғана арманым, мақсатыма жетуді жалғастырдым.

Ал үлкен қиындықтың бірі карантин кезі еді. Барлығы бір

мезетте тоқтап қалды. Сол уақытта күйзелісті де, сенімсіздік пен құлдырауды да көрдім. Дегенмен өмірде бір ғана қиындықтың болмайтынын түсіндім. Өр кезеңнің өз сынағы бар. «Мен қиналдым» деп ешқашан айтпаймын. Себебі осы мәселелер мені шыңдады, жақсы нәтижеге жетуге, өсуге итермеледі. Жұмыс барысында болсын, өмірдегі қиындықтар болсын, олар мен үшін мотивация, өсудің баспалдағы болды, – деді ол.

Әуелде айтқанымыздай, Рахат Дәрібай бірнеше кәсіпте бағын сынап, өз жолын тапқан кәсіпкер. Ол сауда ісіне 6-сыныпта кіріскен екен.

– Негізгі барлығы 6-сыныпта басталды. Отбасылық жағдайға байланысты базарда шалбар, аяқкиім сатып жүрдім. Кейін мектепті тәмамдаған соң, тауарлардың қалай жеткізілетіні қызықтыра бастады. Сол үшін Қытайға баруға нақты шешім қабылдадым. Ашығын айтқанда, оқу үшін емес, кәсіпті терең түсініп, даму үшін бардым.

Ал бүгінде негізгі кәсібім – жалға беру және субаренда. Қазір 22 нысанды жалға беріп отырмын. Жер, үй сату секілді жұмыстармен де айналысамын.

Ал кофейна, ол кездейсоқ басталған дүние. Бір нысан алып жүргенде бос орын қалып қойды.

КІТАППЕН ҚАРУЛАНҒАН КӘСІПКЕР

Соны пайдаланып, «Coffee Like» франшизасын алдым. Негізгі кофе-ні ұнатамын әрі офисте отыру қызықсыз көрінетін. Сондықтан оны хобби ретінде аштым. Жарнама саласы да қызығушылықтан іске асқан дүние. Бірақ қай жағынан алсақ та, маған жақыны – бұл жалға беру, – деп кәсібі жайлы айтып берді.

«Егер бұл жолда қиындыққа шыдамай, кері шегінсе, қандай салада қызмет етер еді?». Оқырман ретінде бізді осы сұрақ қызықтырды. Оның айтуынша, өзін ешқашан басқа саланың адамы ретінде елестетіп көрмеген. «Өзімді тек кәсіпкер ретінде ғана көре аламын. Қандай жағдай болса да айналып осы салаға келер едім», – деді ол нық сеніммен. Бұл жауаптан тандауына деген сенім ғана емес, ішкі үйісесім, өмірлік бағытын тапқан адамның тыныштығы сезілді.

Бүгінде кәсіпке баулитын тренинг пен семинар көп. Кейіпкеріміз бұл туралы да ойын ашық айтты.

– Өзім семинар, тренингтерге қатысқан емеспін. Бірақ бұл бағытқа қарсылығым жоқ. Егер адам тәжірибесімен бөлісіп, нақты дүние үйретіп жатса, пайдасы бар деп ойлаймын. Мысалы, Марғұлан Сейсембай деген мықты кәсіпкер бар. Ол кісіден көп адам жақсы ой, мотивация алып жүр. Мен де арасында тындаймын. Сол кісі секілді деңгейдегі кәсіпкерлер адамдарға расымен шын көмектесе алады.

Негізгі ұстаздың болғаны жақсы. Себебі кәсіпте көп дүние тәжірибемен келеді. Ал өзгенің қателігі саған сабақ болуы мүмкін. Қай салада болмасын, мықты адамның артында жақсы тәлімгер тұрады.

Ал мен үшін нағыз ұстаз – кітап. Кітаптан өзіңе қажеттіні аласың, ойың кеңейеді. Біреудің айтқанынан емес, өзің оқып, түсінген дүние көбірек әсер етеді, – деді кәсіпкер.

Бүгінде ол басшылық етіп отырған кофейна тек бизнес жоба ғана емес, белгілі бір идеяның да көрінісі екен.

– Болашаққа жоспар көп. Соның бірі – «Umma Coffee»-ні кеңейту. Намазхан, дінге жақын жандарға арналған жайлы, таза орта қалыптастыру үшін осы атауға тоқталған едік. «Umma» сөзі – «үммет» деген мағына береді, яғни бір мақсаттағы, бір ниеттегі адамдардың қоғамы. Қазірдің өзінде Атырау мен Түркістан қалаларында екі кәсіпкер «Umma Coffee»-ні ашуға қызығушылық білдіріп отыр. Сол бағытта жұмыс жүргізудеміз. Болашақта бұл брендті Қазақстанның басқа да қалаларында көргіміз келеді, – деп жоспарымен де бөлісті.

Сұхбатты жас кәсіпкерлер туралы айтып, түйіндедік. Рахаттың айтуынша, кателесудан қорықпау керек.

Қазір көп адам қателеспеудің жолын іздеп, көп ойланумен уақыт жоғалтады. Салдарынан мотивациясы да жоғалтады. Ал шын мәнінде кәсіпте қателессең – үйренесің. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруді қалай-тындар көп. Бірақ ондай жолдың жоқ екенін білмейді. Сол үшін бастысы – тәуекелге бел буып, бір істі бастап кету, – деп қорытындылады кейіпкеріміз.

Нұржамал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
студенті

ДИЛЬНАЗ АСҚАТҚЫЗЫ:

ФИЗИКА САЛАСЫНДА ОҚУЫМ, АЙТЫСКЕР БОЛУЫМА КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙДІ

Дильназ Ержігітова – Сыр бойындағы айтыскер ақындардың ізін жалғаған жас талант. Ат сүрінгенше сөз тауып үлгеретін айтыскер атану, дүйім жұрттың алдында ұтқыр ойды ұтымды сөзбен жеткізу жеңіл емес. Жастайынан жыр додаларында бақ сынаған Дильназ Асқарқызы жүзден жүйірік екенін дәлелдеп келеді. Жуырда ол Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткен «Білімді қыздар – ұлттың ұйытқысы» атты республикалық студенттер айтысында бас жүлдені жеңіп алды.

– Дильназ, алдымен жас оқырмандарға өзіңді таныстырып өтсеніз. Қай жақтың тумасысыз? Айтыс өнеріне деген қызығушылық қалай туындады? Бойыңыздағы бұл дарын атадан балаға жалғасқан өнер ме?

– Мен Шиелі ауданындағы Жиделіарық ауылының тумасымын. Біздің отбасымызда атам мен әкем, бауырларым – Ержан Әміров пен Бекжан Ержігіт те айтыскер ақын. Ағаларым «Жүрсіннің жүйріктері» атанған өнер иелерінің қатарында болды. Бала кезімнен домбыраның үнін естіп өстім. Ал ағаларымның көптеген жыр додасында жүлделі орынға ие болып, жақындарымызды қуантуы маған ерекше әсер етті деп ойлаймын. Үйімізде Асанәлі Әшімов, Жүрсін Ерман секілді халыққа белгілі тұлғалардың қонақ болуы менің де айтыскер болуыма ықпал етті. Ақындық өнер өз жағыммен қатар нағашыларымда да бар, сондықтан бұл атадан балаға берілген өнер деп айта аламын.

– Алғашқы айтысыңыз есіңізде ме? Қандай әсерде болдыңыз?

– 3-6 сынып аралығында жазба ақын ретінде мектепте өтетін жыр мүшәйраларына қатысатынымын. Бірде сондай мүшәйраға қазылық етуге көптеген ақындардың ұстазы, айтыскер Кенжебай Жүсіпов келді. Ол кісі өлеңдерімбен танысқан соң, 5 минуттың ішінде «Бұлт» деген тақырыпта жыр шумағын шығаруды тапсырды. Мен сол байқауда 5 минуттың ішінде 3 шумақ өлең шығарып, жеңімпаз атандым. Талабымды байқаған ақын содан кейін мені айтыстарға дайындай бастады. Жыл сайын Қызылордада өтетін «Көктем нұры» атты оқушылар айтысына қатысатынымын. 6-сынып оқып жүрген кезімде 11-сынып оқитын Майдакөлден келген оқушымен айтысқа түстім. Сөз бәйгесіне қазылық

ету үшін үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов келіпті. Ақын сөз өнеріне деген беталысымды байқап, ағаларыма «бұл қыздан мықты айтыскер шығады. Дайындап, дамыта түсу керек» деген екен. Содан бастап айтыстарға қатысып келемін. Алғашында сахнада қобажитынымын. Ал жуырда Алматыда өткен студенттер айтысында ондай толқыныс болмады.

– Шеберлігіңіз шыңдала түсу үшін ұстаздың керек екені рас. Ұстазыңыз кім? Осы уақытқа дейін қандай жарыстарда бақ сынадыңыз?

– Алғашқы ұстазым әкем Асқат Әміров болды. Әкем бізге өлеңнің қалай құрылуы керек екенін үйретіп, тіпті сахнада өз-өзінді ұстау бойынша да кеңес беретін. Одан кейін мені айтысқа баптаған ағаларым – Ержан Әміров пен Бекжан Ержігіт.

Оқушы кезде жоғарыда айтқан «Көктем нұрымен» қатар, «Желтоқсан желі» атты айтыста, аудандық, аймақтық, республикалық мүшәйраларда бақ сынадым. Ақтөбеде өткен «Ақберен» айтысында ІІІ орын иелендім. Ал республикалық «Жыр алыбы – Жамбыл» айтысына оқушы кезде 3 рет қатыстым, 8-10-сынып оқып жүргенімде екі рет арнайы жүлдесін иелендім. Одан кейін қатысқанымда бас жүлде бұйырды. Бұл – республика бойынша өтетін оқушылар айтысының ішіндегі ең ауқымдысы. Мұның алдында Қызылорда облысының атынан қатысқан Мейірбек Сұлтанхан бас жүлде алған екен. Шамамен 8 жыл өткенде мен де бас жүлде иелендім. Студент кезде мен қатысқан алғашқы сөз бәйгесі «Менің пірім – Сүйінбай» атты VIII халықаралық айтыс болды. Оған 5 мемлекеттен – Манголия, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытайдан келген жас ақындар қатысты. 40 қатысушының 16-сы финалға өтті. Оның ішінде мен де бармын. Осылайша ІІ орын иелендім. Ал екінші айтысым – осы айда Алматыда өткен айтыс.

– Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткен республикалық студенттер айтысы қалай өтті? Жыр додасында қандай тақырыптарды қозғадңыз?

– Бұл айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Республиканың түкпір-түкпірінен келген 14 ақын бақ сынады. Жыр додасында қыздардың білім алуы, студенттердің жай-күйі, шәкіртақы туралы сөз қозғадық. Студенттер өзара әзілмен сөз қағыстырған көңілді айтыс болды.

Алғашқы кезеңде Шымкентте білім алатын Даниал Болысбекпен айтыссам, финалда Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті Санжар Даярбекпен айтысып, бас жүлдені қанжығама байладым.

Менің айтысқа қатысуыма қолдау көрсеткен университет басшылығына, сондай-ақ Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары басқармасының басшысы Жанар Бимұратқызына уақыт бөліп, осындай үлкен долада жанымда болғаны үшін алғыс білдіремін.

– Осы кезге дейін сізді сөзбен жеңуге тырысқан, ерекше қарсылас деп кімді айтар едіңіз?

– Павлодар облысының айтыскер ақыны Бексұлтан Қайдаровты айтар едім. Бұл айтыс ерекше есте қалды. Мектеп оқитын кезімде өзім қатарлас бұл ақынды жыр додаларынан көріп жүретінмін. Бірақ халықаралық айтыстың финалында Бексұлтанмен алғаш рет айтысудың сәті түсті.

– Қазіргі студенттік айтыстардың деңгейі туралы не айтасыз? Жастар арасында бұл өнердің орны қандай?

– Бүгінде студенттік айтыстардың деңгейі өте жоғары. Халықаралық айтыстарға барар кезімде оқу орны менің барып-келуім үшін қаржы бөліп, барлық жағынан қолдау көрсетті. Бұл айтысқа дейін өзіңді сенімді ұстауға, басқа дүниелерге алаңдамауға көмектеседі. Оқушы кездегі айтыстарда қарсылас аз болатын. Ал студенттік айтыстарға жан-жақтан тәжірибелі жас айтыскерлер жиналады. Қазылар алқасы қабілетінді байқаса, үлкен деңгейдегі айтыстарға да жолдама беріп, дами түсуіне көмектеседі.

– Сіздің ойыңызша, нағыз айтыскердің бойында қандай қасиеттер болу керек?

– Ең алдымен керегі – еңбекқорлық. Халық ауыз әдебиетін оқып, көркем әдебиетке ден қойған адамның сөз саптауы бөлек, ойы жүйрік болады. Мыңдаған адамның алдында өнер көрсетіп, көп емес, дөп сөйлеу үшін айтыскер жігерлі, өзіне сенімді, табанды болуы керек. Қобалжығаныңды білдірмеу үшін әртістік шеберлікке де саласың. Айтыскерге керегі – суырыпсалмалық өнер.

– Елге белгілі қай ақынды үлгі тұтасыз?

– Ең алдымен ағаларымды үлгі тұтамын. Ал алты Алашқа танымал аға буынға келсек, Мұхтар Ниязовты, түркістандық Бекарыс Шойбековты, қыздардың

ішінен Жанасая Мусинаны ерекше құрметтеймін. Өзім болашақта Айнұр Тұрсынбаева секілді айтыскер болғым келеді.

– Айтыстан бөлек қандай шығармашылық жұмыстармен айналысасыз?

– Қазір физика салысында білім аламын. Бірақ бұл саладағы ұстаздарым да өлең шығаратынын айта кету керек. Сондықтан болар, «физиктер – лириктер» деген ұғым қабылғасқан. Мысалы, бізге білім беретін Бақыт Қалиев, Бақытхан Әбдікерімов, Айгүл Алмағамбетова, Тоғжан Қарабала сынды оқытушыларымыз – ақындық жолды жалғанған ғалымдар.

Басқа да шығармашылық жұмыстарға келсек, айтысқа қатысудан бөлек, домбыра шертіп, күй тартамын, гитарда ойнаймын, сурет саламын. Бірақ қазір көп уақытымды білім алуға арнауадамын.

– Айтысқа барарда ұстанатын ырым-нанымыдарыңыз бар ма?

– Ең алдымен үлкендердің батасын алып, ата-анамның ақ тілегімен аттанамын. Осы кезге дейін ұстанған тағы бір ырымым бар. Жыр алыбы Жамбыл мен Сүйінбай Ароңұлы кесенесінің басына барғанда бір апа білезік берген болатын. Зергерлік бұйымды осы кезге дейінгі айтыстарға үнемі тағып шығатынымын, бірақ кешегі өткен айтыста тақтадым.

– Сахнада айтар ойыңызды ұмытып қалған кезіңіз болды ма?

– Мұндай жағдай болмады. Менің сахнадағы басты мақсатым – ойымды толық дұрыс жеткізу.

– Қазіргі уақытта физика саласына қатысты мамандықта білім аласыз. Алдағы уақытта қандай салада еңбек етуіңіз мүмкін?

– Бүгінде физика пәні мұғалімдерін даярлау мамандығының 2-курсын аяқтап жатырмын. Қажетті бағды жинап, бұл мамандықты өзім таңдап, грант иелендім. Физика саласында білім алуым, ақындық өнеріме кері әсер етпеді. «Асыл домбыраның» иегері Хазірет Берліхан деген айтыскер бар. Оның «Асыл домбыраны» ұтуына да физика саласының мұғалімі мамандығында оқуы кедергі болған жоқ. Алдағы уақытта екі салада да еңбек еткім келеді. Айтыскерлік туабытты талант болса, физика – үздіксіз үйренуді, зерттеуді талап ететін ғылым. Алдағы уақытта бойымда бар талантты дамытып, ізденісті тоқтатпай, өзімді дамытсам деймін.

– Сұхбат үшін рақмет!

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА



Диснейдің жүрекке жеткен жылуы

Дисней – әлемдегі ең мағыналы, тәрбиелік мәні зор мультфильмдерді шығарушы анимациялық студия. Бүгінде бұл туындыларды көрмеген бала кемде-кем шығар. Олардың сиқырлы әлемін кішкентай бүлдіршіндер де, тіпті ата-аналары да қызыға тамашалайды. Әр мультфильмде құндылық, мәдениет, өнер мен білімге құштарлық туралы ой болады. Ал сіз Дисней туындыларынан бұл ерекшеліктерді байқайсыз ба?



Дисней туындылары адамның сырт келбетіне емес, ішкі жан дүниесіне мен берудің манызын түсіндіреді. Бұл ойды балаларға жеткізетін туынды – «Сұлу мен құбыжық». Хикая басында ханзаданың сарайына көмек сұрап, бір көрі кемпір келеді. «Бір түн паналатшы, баратын жерім жоқ», – дейді әлгі әйел. Алайда ханзада оның сыртқы

түрінен жиіркеніп, қуып жібереді. Сол сәтте кемпір сиқыршыға айналып, ханзаданы қатыгездігі үшін құбыжыққа айналдырып жібереді. Кейіннен ханзада өзгереді, алайда өзі сынаған бет-әлпеті үшін оны басқа біреу жақсы көре алатынына сенбейді.

Туындыда кейіпкерді таныстыру үшін Дисней «Салыстыру» әдісін

қолданады. Ол үшін құбыжықты Гастон есімді кейіпкермен қарама-қайшы қояды. Ол – сырт келбеті келісті, бірақ өзімшіл, менмен адам. Гастон Бельдің жары болғысы келеді, алайда оның армандарын, кітапқа деген қызығушылығын «Ойлегі тән емес» деп санайды. Бельдің әкесін психикалық ауруханаға жатқызбақшы да болады. Ал құбыжық болса, Бельге үлкен кітапхананы сыйға тартады. Сыртқы келбеті көркем болғанымен, рухани жұтан Гастон емес, жүрегі мейірімге толы құбыжық Бельдің жүрегін жаулап алады. Бұл – ішкі сұлулықтың маңызы.

Диснейдің берер тағы бір маңызды ойы – «бағынбайтын белес жоқ» деген сенім. Бұл ойды «Рататуй», «Көліктер», «Мулан» сияқты туындылардан айқын көруге болады. Қандай кедергі болмасын, кейіпкерлер өз армандарына адал болып, табандылығының арқасында мақсаттарына жетеді. Біреуі – әлемге танымал шеф-аспаз, екіншісі – елден жүйрік атанса, үшіншісі – бір елдің тағдырын күйреуден сақтап қалады. Бұл мультфильмдер балаларға ғана емес, ересектерге де шабыт береді.

Тағы бір әсерлі ой – «Біз жоғалтқан адамдар әрдайым жүрегімізде өмір сүреді». Бұл тақырып әсіресе «Коко құпиясы» сияқты туындыларда терең қозғалса, «Арыстан патша», «Мұзды өлке» секілді анимациялар да осы сезімді жан-жақты жеткізеді. Мәселен, «Коко құпиясында» Мигель «Өлгендер еліне» аттанады. Ол жақтың ережесі бойынша, адам тек басқалардың жадынан мәңгі өшкен кезде ғана жоғалады. Ал оған дейін ол біздің жүрегімізде, естеліктерімізде өмір сүреді.

«Адам болу үшін жүрек қажет емес». Иә, бұл да Дисней ұсынатын таңқаларлық ойлардың бірі. Дисней әлемінде басты кейіпкер – тек адам емес. Кейде олар – шаң басқан, ескі планетада жалғыз қалған робот. Кейде баланың жанын емдейтін камкор механизм. Беймакс пен Валли. Валли мыңдаған күнді жалғыз өткізсе де, жалғыз өзі ештеңе жасай алмайтынын білсе де, үмітін үзбеді. Соның арқасында, қаңырап қалған ғаламшарды гүлдендіре алды. Ал Бэймакс ағасынан айырылған баланың қайта күліп жүруінің себебіне айналды.

Бұл екі оқиға қандай жағдай болмасын адамгершілікті сақтап қалу ең маңызды қағида екенін жеткізеді. Үміт, сенім, жанашырлық пен махаббаттың әлемге әкелер өзгерістерін де осы екі туындыдан байқай аламыз.

Дисней мультфильмдері – жай ғана ертегі емес, адамзаттың рухани дамуына әсер ететін мәдени мұра. Есейгенде біз ға-жайыптың бола-тыннына сенбейміз. Бірақ сенім әрдайым қажет. Дисней бізге қ и ы н д ы қ т а мұнаймауды, шын сүюді, батыл болуды, өмірге сынамай қарауды,

мейірімді, төзімді болуды үйретеді. Сол себепті де Дисней әлемінің ұлағаты ешқашан өз құндылығын жоғалтпайды.

Мерей ШӘКРАТ,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті



ҚҰСТАРДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ КӨКТЕМГІ ДЕКАДАСЫ



Ұлы жаратылыстың адамнан кейінгі газиздерінің бірі құстар. Құстар – еркіндіктің белгісі, қазақ халқының болмысын айшықтап тұратын жұмбақ жаратылыс. Күз келсе, бізге беймәлім өлкелерге сапар шегетін, көктем орнаса, адамдарға қайтадан үміт сыйлап оралатын құстар. Біздің қанатты достарымыздың өзіне тән тіршілігі, болмысы бар. Әр дүниенің жік-жікке бөлінегіні секілді, құстардың да түрлері жетерлік.

«Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы Дельта учаскесін қосу арқылы кеңейтілді. Бұл аймақ ақбас үйрек пен аққұйрықты субүркіт ұя салатын жері, ал іргелес жатқан шөлейт, қылқұйрық, ақбауыр және қарабауыр бұлдырықтарға ұялау ретінде маңызы зор. Сулы-батпақты жерлер (әсіресе таяз сулар) кокиказдардың, жалбағайлардың, бұйра және қызғылт бірқазандардың қоныс аударатын жерлері және демалу, қоректену орындары ретінде маңызды рөл атқарады. Зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес, бұл аумақта 200 мыңға жуық жыл құсы мен осы жерлерде ұялайтын құстар және балықтар сирек кездеседі екен. Жылдың әртүрлі мезгілінде 250 түрлі құстар мекен етеді. Оның 33-і «Қызыл кітапқа» енгізілген, 17-і индикаторлық.

Республикалық «Парктер шеруі – 2025» табиғат қорғау акциясына «Құстарды бақылаудың көктемгі декадасы» бойынша Жаңақұрылыс, Қаратөң елді мекендерінің мектеп оқушылары мен ұстаздары қатысып, жыл құстары туралы түсініктерін кеңейтті. Жиі кездесетін жыл құстарының атауын, олардың ерекшеліктерін, негізгі ережелері ұя салу және мекенді ауыстыру кезінде құстардың барлық түрлерін қорғауға, жойылып кету алдында тұрған құстар түрлерін ұдайы қорғауға, аң аулаудың белгілі бір түрлеріне тыйым салуға немесе шектеу қоюға, құстарды көбейту үшін қорықтарды құруға және экологиялық білім беруге бағытталғаны туралы түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Бұл шара балалардың экологиялық мәдениетін арттыру, жас буынды ұя жасауға үйрету, оларды іліп, құстарға қамқорлық жасауға бейімдеу, табиғатты қорғауға деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында ұйымдастырылды. Қорық қызметкерлері мен орманшылар осылайша, көпшілікті қоршаған ортаға бей-жай қарамай, жанашырлық танытуға үндейді.

Мейрамбек БАЙЖІГІТОВ,

«Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы РММ-нің қоғаммен байланыс жөніндегі маманы

Алимент – кәмелетке толмаған балаларды, сондай-ақ кейбір жағдайларда бұрынғы жұбайларды, ата-аналарды немесе басқа отбасы мүшелерін асырауға төленетін міндетті төлемдер. Оны уақытылы төлемеу алушының құқығын бұзады және борышкерге әртүрлі жауапкершілік шарасын тудырады. Қазақстан Республикасының заңнамасы алимент төлемегені үшін жауапкершіліктің бірнеше түрін қарастырады. Біз бүгінгі мақаламызда соларға жеке-жеке тоқталатын боламыз.



АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕГЕН БОРЫШКЕРДІ БІРНЕШЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮТІП ТҰРАДЫ

Ең біріншіден, борышкерді азаматтық-құқықтық жауапкершілік күтіп тұр. Яғни, тұрақсыздық айыбын есептеу. Еске салайық, алимент міндеттемелерін кешіктірген әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбы есептеледі. Әдетте, егер келісімде өзгеше белгіленбесе, бұл әр кешіктірілген күн үшін қарыз сомасының 0,1%-ын құрайды. Демек алимент төлеуді кешіктіру – артық төлеу. Ол адамды жауапкершіліктен босатпайды.

Екіншісі – әкімшілік жауапкершілік. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабына сәйкес, егер борышкер алимент міндеттемелерін дәлелді себептерсіз 3 айдан артық орындамаса қолданылады. Бұл – айыппұл және 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу, т.б. жауапкершіліктер.

Сондай-ақ борышкерге қылмыстық жауапкершілік те қарастырылған. Қылмыстық Кодекстің 139-бабына сай, егер борышкер жүйелі түрде алимент төлеуден жалтарса және 3 айдан астам қарызы болса, олар қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Айыппұл, бостандықты шектеу және қамауға алу секілді жауапкершіліктер көзделген.

Маңыздысы, қылмыстық іс қозғау үшін сот орындаушысы төлемнен қасақана жалтару фактілерін тіркеп, материалдарды құқық қорғау органдарына тапсыруы қажет.

Жауапкершіліктің тағы бір түрі – өзге де ықпал ету шаралары. Оған Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүр-

гізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 32-бабы негізінде, 2-деңгейлі банк есепшоттарына белгілі-бір әрекеттерді жасауына тыйым салу, 33-бабына сәйкес, шетелге шығуды уақытша шектеу, 34-бабына сай, жүргізуші куәлігін пайдалануға уақытша шектеу және 62-бабын басшылыққа ала отырып, борышкердің атына тіркелген жылжымалы және жылжымайтын мүліктеріне тыйым салу жатады. Бұл да өз кезегінде борышкердің уақытылы төлем жасауына ықпал етеді.

Қорытындылайтын болсақ, алиментті уақытылы төлемегені үшін жауапкершілік ақшалай санкциялардан бастап қылмыстық қудалауға дейінгі сипатта болады. Заң алимент алушылардың мүддесін қорғайды және сот орындаушыларына борышкерлерге әсер етудің барлық құралын ұсынады. Теріс салдарды болдырмау үшін алимент төлеуші өз міндеттемелерін толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауы маңызды.

Алимент – өтініш емес, заңның талабы. Ал заң ата-анасының бір жаптарса да, баланың құқығын қорғауды қарастырады және жалғастыра береді.

Айдана ЖАРАСОВА,

Қызылорда облысы жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ: ИННОВАЦИЯЛАР МЕН БІЛІМНІҢ ТОҒЫСУЫ

Қазір заманғы білім беру жүйесінде ғылыми-техникалық прогресс пен еңбек нарығының қажеттіліктеріне бейімделген жоғары оқу орындарының рөлі артып келеді. Қазақстанның инновациялық даму стратегиясына сәйкес, жоғары білім беру саласын жаңғыртуда ғылыми-зерттеу жұмыстары мен халықаралық серіктестікті кеңейтудің маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті (МИТУ) еліміздегі техникалық және экономикалық мамандарды даярлайтын жетекші жоғары оқу орындарының бірі.

МИТУ 2001 жылы «Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті» ретінде құрылып, бүгінгі таңда білім беру бағдарламаларының кең ауқымын қамтиды. Университет төмендегі бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлайды:

- Инженерлік-техникалық мамандықтар: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету, радиотехника және электроника, энергетика, технологиялық машиналар мен жабдықтар, стандарттау және сертификаттау, тіршілік қауіпсіздігі.
- Биотехнология және ауыл шаруашылығы: биоинформатика, биотехнология, бау-бақша және агроөнеркәсіптік кешен, топырақтау, химиялық технологиялар.
- Экономика және бизнес: қаржы, есеп және аудит, маркетинг, туризм, экономикадағы инновациялық технологиялар.

Университет бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары аясында мемлекеттік гранттар негізінде және ақылы бөлімдерде білім беру қызметін жүзеге асырады. Білім беру бағдарламалары халықаралық аккредитация агенттігімен сертифицирталған, бұл олардың сапа стандарттарына сәйкестігін дәлелдейді.

МИТУ ғылыми-зерттеу қызметіне ерекше назар аударады. Университет қабырғасында заманауи технологияларды дамытуға бағытталған бірқатар зерттеу жобалары жүзеге асырылып келеді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, ұлттық және халықаралық деңгейде мойындалуда. Университет жас ғалымдарды қолдау мақсатында ғылыми-зерттеу гранттарын ұсынады, бұл студенттер мен докторанттар үшін үлкен мүмкіндік.

Университет халықаралық байланыстарды дамытуға белсенді

қатысады. Қазақстан мен Қытай арасында өнеркәсіп пен білім беруді интеграциялау мақсатында Цзинши институты ашылды. Бұл жоба HUATEC өнеркәсіптік компаниясының және Шыңжаң қолданбалы технология институтының қатысуымен жүзеге асырылады. Мұндағы негізгі мақсат – Қытай мен Қазақстан арасындағы академиялық және технологиялық алмасуды дамыту. Цзинши институты «Мұнай-химиялық технология» бағыты бойынша мамандар даярлайды. Институт студенттері Қытай мен Қазақстан университеттерінің ресурстарын пайдалана отырып, заманауи технологиялар мен өндірістік процестер туралы жан-жақты білім алады. Бағдарлама халықаралық деңгейдегі стандарттарға сәйкес әзірленген және студенттерге екі елдің жетекші

ықпалы туралы жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, Suleyman Demirel University (Түркия) профессоры Omer Faruk Asar бизнес және кәсіпкерлік саласы бойынша маңызды дәрістер циклын өтті. Оның алғашқы «Бизнеске кіріспе» тақырыбындағы дәрісі студенттерді кәсіпкерліктің негізгі қағидалары мен тұжырымдамаларымен таныстырды. Дәріс барысында ол бизнес ортасының дамуы, басқару стратегиялары, экономикалық үрдістер және кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері туралы кеңінен баяндады. Сонымен қатар, дәріс интерактивті форматта өтіп, студенттерге нақты бизнес-кейстерді талқылауға және кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Omer Faruk Asar-дың дәрістері студенттердің халықаралық



сарапшыларынан білім алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар университетте шетелдік сарапшылардың қатысуымен арнайы дәрістер өткізіледі. Глазго университетінің (Ұлыбритания) Adam Smith Business School жоғары оқу орнының аға оқытушысы Рамона Бланес студенттерге «Қаржы технологиялары және олардың саланы дамытуға әсері» тақырыбында дәріс оқыды. Бұл дәріс қаржы технологияларының қазіргі даму тенденцияларын талқылауға мүмкіндік берді. Рамона Бланес дәріс барысында FinTech индустриясының эволюциясын, қаржылық технологияларды енгізудің қиындықтарын, олардың бизнес модельдері мен тиімділігін егжей-тегжейлі қарастырды. Студенттер FinTech-тің болашағы мен оның экономикалық даму үдерісін ықпалы туралы құнды ақпарат алып, өздерінің сұрақтарын қою мүмкіндігіне ие болды. Сондай-ақ студенттерге қаржылық технологиялар мен олардың бизнеске

тәжірибемен танысуына және заманауи бизнес-үрдістерді түсінуге зор ықпал етеді.

МИТУ сонымен қатар Еуропа, Азия және АҚШ-тың жетекші университеттерімен ақадемиялық серіктестік орнатқан. Оқу орны Erasmus+ бағдарламасы аясында студенттерге шетелде білім алу мүмкіндігін ұсынып, екі дипломдық бағдарламаларды іске асыруда. Бұл білім алушыларға халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті маман атануға жол ашады.

МИТУ студенттік өзін-өзі басқаруды дамытуға және ғылыми іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Университет қабырғасында келесі маңызды ғылыми-тәжірибелік шаралар өткізілді:

2025 жыл университетте «Өзін-өзі басқару жылы» деп жарияланып, студенттердің бастамаларына қолдау көрсетуге бағытталған жаңа жобалар іске қосылды. Бұл Жастама Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың

2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауын қолдауға бағытталған.

Осы бағытта университетте еңбек адамдарын қолдау және студенттердің бастамасына демеу көрсету мақсатында, «Жаһандық студенттік көшбасшылық: дамуы, әсері, әрекеті» халықаралық форумы, онда студенттердің көшбасшылық қабілеттерін жетілдіруге арналған пікірталастар ұйымдастырылды. Форум әртүрлі елден келген белсенділерді, жас көшбасшыларды және студенттік ұйым өкілдерін бір алаңға жинады. Форум нақатар АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Қытай, Ресей мемлекеттерінен қатысты. Сонымен қатар METU-де Египет, Монғолия, Қытай, Түркия, Ресей, Марокко, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. әлемнің он бес



елінен келіп білім алып жатқан шетел студенттері де Студенттік өзін-өзі басқару жылына арналған халықаралық форумға қатысты. Форумда жаһандық білім, рухани құндылықтар және технологиялардың дамуы мен экологияның сақталуы арасындағы баланс мәселелеріне ерекше назар аударылды. Пленарлық сессияларда «Болашақ білімдегі жаһандық лидерлік», «Бәсекеге қабілетті түлектің атрибуттары» және ғылым мен технологиядағы инновациялық тәсілдер сияқты тақырыптар талқыланды. Университет студенттерінің белсенділігі нәтижесінде бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асырылуда, олардың ішінде кәсіпкерлік бастамаларды дамыту және жастарды еңбек нарығына бейімдеу шаралары ерекше орын алады. Іс-шара барысында қатысушылар студенттік өзін-өзі басқарудың дамуы, тәжірибе алмасу және жастар көшбасшылығы саласындағы табысты бастамалар тақырыптарын талқылады.

«Қазіргі заманның әлеуметтік-экономикалық мәселелері: теория және практика» ғылыми-тәжірибелік конференциясы, бұл іс-шара экономикалық даму мәселелері бойынша ғылыми пікір алмасудың маңызды алаңына айналды.

«Инженерлік-технологиялық инновациялар» халықаралық конференциясы, онда жетекші ғалымдар мен сарапшылар инженерлік ғылымдағы заманауи жетістіктерді талқылады.

«Жас ғалымдар және болашақ технологиялар» халықаралық симпозиумы, бұл форум аясында студенттер мен жас зерттеушілер өздерінің ғылыми жанаптықтарын ұсынды.

МИТУ студенттеріне сапалы білім алумен қатар, қолайлы инфрақұрылым ұсынады. 2019 жылы жаңа заманауи студенттер үйі (жатақхана) пайдалануға берілді. Онда студенттердің жайлы өмір сүруі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған: тегін Wi-Fi, фуршет алаңы, конференц-зал, кір жуу орны және тәулік бойы қауіпсіздік жүйесі жұмыс істейді.

МИТУ студенттік ұйымдары белсенді қызмет атқарады. Олардың қатарына ғылыми-зерттеу клубы, кәсіпкерлік үйірмелер, шығармашылық студиялар мен спорт секциялары кіреді. Университет талантты студенттерді қолдау мақсатында жыл сайын стартап-жобалар конкурстарын өткізіп, инновациялық идеяларды қаржыландырады.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті Қазақстандағы жоғары білім беру саласында көшбасшылық орынға ие. Ол тек техникалық білім беріп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға, халықаралық серіктестікті кеңейтуге және білім алушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасауға ерекше мән береді. Университет түлектері Қазақстан мен әлемнің әртүрлі салаларында жоғары сұранысқа ие мамандар ретінде танылып, ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Болашақта МИТУ өзінің ғылыми-инновациялық әлеуетін одан әрі арттырып, жаһандық білім беру кеңістігінде беделін нығайтуға ұмтылады.

Жұлдуз ДИЛЬДЕБАЕВА,

«Экономика және бизнес» кафедрасының менгерушісі,

экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Құралай БЕРДІМҰРАТОВА,

«Экономика және бизнес» кафедрасының аға оқытушысы

басы 1-бетте

Сонымен қатар терезе маңындағы жиһаздардың бала үшін «саты» қызметін атқарып кетуі де өте қауіпті. Ал терезелерде арнайы шектеуіштердің, бекіткіштердің болмауы қауіп денгейін бірнеше есе арттырады.

Мемлекеттік орган өкілдері баланың қауіпсіздігіне салғырт қараған ата-аналарға заң аясында қылмыстық іс қозғалуы мүмкін екенін ескертеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-бабы, 2-бөлігіне сәйкес, «балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау» қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Бүлдіршіндерде қауіп сезімі толық дамымаған. Олар қоршаған ортаны зерттеуге құмар, ал терезе – оларға «шытырман әлемге» апарар жол секілді. Жоғарғы қабаттан құлау оқиғалары әдетте бас сүйек жарақаты, ішкі қан кетулер, сүйек сынуы, сал болумен аяқталады. Тіпті жан тапсыруы мүмкін. Кейде бала аман қалғанымен, өмір бойы оналмайтын мүгедектікке ұшырайды. Бұл – тек балаға ғана емес, бүкіл отбасыға үлкен соққы. Бүлдіршіндерді бақылауда ұстау – ата-ананың міндеті десек те, үнемі көз салып отыру физикалық тұрғыда мүмкін емес. Сондықтан алдын алу шаралары маңызды.

Терезе трагедиясына тосқауыл бар ма?

Оқыс оқиғаның алдын алудың ең бір тиімді тәсілі ретінде көңілімізді көншіткен нұсқаны көппен бөлісуді жөн санадық. Белсенділердің айтуынша, көпқабатты үйлердің терезесіне темір тор орнатуды құрылыс компанияларының талаптарына енгізу керек. Жаңа тұрғын үйлерді жобалау кезінде 2-қабаттан бастап, терезелерге балалардың қауіпсіздігіне арналған құрылғылар орнату міндеттелуі тиіс.

Мәселен бұл тәжірибе дамыған елдерде бұрыннан бар. Германия, Сингапур, Австралия секілді елдерде терезе қауіпсіздігі заңмен реттелген. Ал кейбір елдерде «Childproof» (балаға қауіпсіз) сертификаты бар терезелер мен балкон есіктері өндіріледі.

– Өкінішке қарай, біздің жобалық жұмыстарда мұндай талаптар қарастырылмаған. Бұл еліміз бойынша әлі енгізілмеген стандарт. Бес қабаттан жоғары нысандарға осы талаптарды енгізуге ұсыныс беріп жатырмыз, – дейді ҚР Құрылысшылар одағының АОФ директорының орынбасары Дилара Сейітұрова.

Құрылыс талаптарына терезе қауіпсіздігіне арналған темір тор немесе баска да құрылғыларды міндетті түрде енгізу қажет. Бұл бастаманы кешіктірмей қолға алу – болашақта жүздеген баланың амандығы мен ата-ананың көз жасына тосқауыл болмақ.

Аймақтағы ахуал

Қызылорда қаласында жыл басынан бері 7 бала терезеден құлап, түрлі жарақат алған. Абырой болғанда жан тапсырғандар жоқ. Қалалық полиция басқармасының деректеріне сүйенсек, жағдайға ата-аналардың не-құрайлығы себеп болып отыр. Терезелердің темірмен қоршалмауы, москит торларының сапасыз орнатылуы, балалардың терезе алдында ойнауы – басты қауіп көздері.

Осыған орай, Қызылорда қаласында профилактикалық шаралар қолға алынған. Мәселен, білім беру ұйымдарында ата-аналармен жиналыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ көп-

Қалалық Полиция басқармасы мен ТЖМ ата-аналарға мына ережелерді қатаң сақтау қажеттігін ескертеді:

- балаларды қараусыз қалдырмаңыз;
- москит торларына сенбеңіз – олар қауіпсіздік құралы емес;
- терезеге бекіткіш (блокиратор) орнатыңыз;
- терезе маңына жиһаз қоймаңыз;
- терезені ашық күйде қалдырмаңыз.

Сондай-ақ баланызды терезе алдында ойнатпауыңыз маңызды. Даладағы адамдар мен көліктерді терезеден көрсетуге және сәйкесінше өзіңіз де бала алдында терезеден басыңызды шығармағаныңыз абзал. Себебі қадағалауыңыздан тыс уақытта бүлдіршін өзі-ді-кінен көруге ұмтылып, арты қайғылы оқиғаға



қабатты үйлердің кіреберіс есіктеріне арнайы ескертпе паракшалар ілініп, тұрғындарға терезелерге балаларды қорғайтын арнайы құрылғылар орнату туралы кеңес берілуде.

– Көптеген ата-ана баласына терезенің алдына шығып ойнауға рұқсат береді, олай істеуге болмайды. Осы себепті бала терезенің алдына шығып ойнауды әдетке айналдырады. Сіз әрдайым баланыздың жанында жүрмін деп ойлауыңыз мүмкін, бірақ бір секундқа назарыңыз басқа жаққа ауған сәтте балаңыз байқаусыз құлап кетіп, орны толмас оқиғаға әкеліп соғуы мүмкін. Баланы ешқашан ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыздар. Терезеге арнайы құлып орнатыңыздар, сонда бала өз бетінше терезені аша алмайды.

Құрметті ата-аналар, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды орындамаған жағдайда ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127 бабына сәйкес әкімшілік жауаптылық көзделетінін ұмытпаңыздар! – дейді Қызылорда облыстық ТЖД өкілдері.

ұласуы әбден мүмкін. Балалардың өмірі мен денсаулығы – ересектердің қолында. Десек те қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамау – орны толмас қайғыға алып келуі мүмкін. Ешқандай ата-ана «бұл бізде болмайды» деп ойламауы қажет. Терезеден құлаған бір ғана баланың тағдыры – жалпы қоғамға сабақ болуы тиіс. Баланы көзден таса қалдырмаңыз – бұл сіздің ғана емес, болашақтың қауіпсіздігі.

Қорытындылай келе, жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде жыл басынан бері 60 бала терезеден құлап, оның бесеуі жан тапсырғанын қайталап айтқымыз келеді. Бұл шамамен бір ай ішінде 12 бала терезеден құлады деген сөз.

Балалардың терезеден құлауы – жай ғана оқыс оқиға емес, қоғамда бала қауіпсіздігіне деген көзқарастың көрсеткіші. Бұл – алдын алуға болатын, ескеруге тұрарлық трагедия. Әр ата-ана, әр тәрбиеші бала өміріне ортақ жауапкершілікпен қарауы керек. Себебі терезеден құлаған баланың тағдырын қайта қалпына келтіру мүмкін емес.

Аружан ОРАЛБАЙ

ИНКЛЮЗИЯ: ШЕТТЕТПЕ, ҚОЛДА

Бүгінде елімізде инклюзивті білім беру жүйесі кеңінен енгізіліп келеді. Бұл – ерекше білімді қажет ететін балалардың да жалпы білім беру мекемелерінде өз қатарластарымен бірдей дәрежеде білім алуына мүмкіндік беретін игі бастама. Алайда осы бағытта жүріп жатқан өзгерістер қоғамда түрлі пікір тудырып отырғаны да жасырын емес.

Инклюзивті балалар – ерекше балалар. Олардың мінезі, дамуы, қабылдау қабілеті өзгеше болуы мүмкін. Кейбірі дене бітімі жағынан, енді бірі психологиялық жағынан ерекше қолдауды қажет етеді. Алайда бұл оларды кемсітуге себеп емес. Бұл – олар бізден тек сәл ғана басқаша деген сөз.

Ата-аналар арасында «мұндай балалармен бірге оқыса, менің баламның дамуына кері әсер етпей ме?», «оқу процесі баяуламай ма?», «мұғалім оларға ғана көңіл бөледі» деген сияқты күмәнді сұрақ көп. Мұндай уайымның тууы, әрине, заңды. Әр ата-ана баласының болашағына алаңдайды. Бірақ осы сұрақтардың ар жағында түсініспеушілік пен стереотиптер тұр.

Инклюзивті білім беру жүйесі – тек ерекше балалар үшін ғана емес, бәріміз үшін маңызды. Бұл – ортақ өмір сүруді, әртүрлілікті қабылдауды, мейірімділік пен төзімділікті үйрететін орта. Ерекше балаға қоғам керек, бірақ қоғам да оны қабылдай білуге ынталы болуы тиіс. Себебі олар бізге адам болудың, өзгелерді тыңдай білудің, қабылдай білудің, көмектесе білудің не екенін күн сайын көрсетіп отырады.

Иә, инклюзивті балалар кейде көбірек зейінді қажет етеді, сабақты баяу қабылдайды, ерекше тәсілдермен оқытылады. Бұл – оқу үдерісіне қосымша талаптар жүктейтіні анық. Бірақ біз оларды шеттету арқылы мәселені шешеміз бе? Әлде өз ішіміздегі түсінбеушілік пен шыдамсыздықты күшейте түсеміз бе?

Көптеген елде инклюзивті қоғам құру – дамыған ел болудың бір көрсеткіші саналады. Себебі өркениетті ел – өз ішінде ешкімді бөліп-жармайтын ел. Бұл – тек білім беру саласына ғана қатысты емес, жалпы қоғамның мәдениетіне, рухани денгейіне тікелей байланысты.

Шеттету – ең жеңіл жол. Бірақ оның қауіпті екенін ескергеніміз жөн. Шеттетілген әр бала болашағына деген сенімін жоғалтады. Ал қабылданған, түсіністік тапқан, қолдау көрген бала – ертең қоғамның белсенді мүшесіне айналуы мүмкін.

Инклюзивті орта – тек ерекше балалардың ғана емес, барлық балалардың өмірлік сабағы. Мұндай ортада тәрбиеленген бала өскенде әртүрлі адаммен тіл табысуды, әрқайсысының ерекшелігін қабылдауды, түсіністікпен қарауды үйренеді. Бұл – тек мектеп қабырғасындағы дағды емес, өмірлік ұстаным.

Сондықтан да біз қоғам болып, әсіресе, мұғалім, ата-ана, тіпті көрші ретінде осы өзгерісті дұрыс қабылдай білуіміз керек. Қоғамдағы әр бала – біздің ортақ байлығымыз. Олардың әрқайсысы өз мүмкіндігінше өмір сүріп, өз орнын табуы тиіс. Ал біз, ересектер, осыған жағдай жасап, ерекше балаларға жол ашуымыз керек.

Біз болашақ ұрпақты тек ғылым-білімге ғана емес, адамгершілік пен жүректің жылуына да тәрбиелеуіміз тиіс. Себебі адам болу – ең алдымен, адамды қабылдай білу екенін ұмытпайық, құрметті оқырман.

Бифатима БИМОЛДИНА,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Азамат БЕКТАС:

РИНГКЕ АНАМНЫҢ БАТАСЫН АЛЫП ШЫҒАМЫН

Қазақ елінің спорттағы беделі жоғары. Соның ішінде бокстағы дәрежесі бір төбе. Оған дәлел – әлемді мойындатып, ел мерейін үстем еткен Ермахан Ибраһимов, Бекзат Саттарханов, Бахтияр Артаев, Геннадий Головкин сынды сандақтар. Ағалар ізін жалғаған ізбасарлары да бүгін де көштің басында. Дүбірлі додаларда атой салған спортшылар әлі күнге дейін ел намысын жықпай келеді. Солардың қатарында жерлесіміз Азамат Бектас та бар.

Азамат Аманболұлы – Жаңақорған ауданының тумасы. 80 келі салмақ дәрежесінде Қазақстан Республикасының чемпионы. Бүгінде ұлттық құрама сапында ел намысын қорғап келеді. Өңірдің мақтанышына айналып, шаршы алаңда қарсыластарын шаң қаптырып жүрген жерлесімізбен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Азамат аға, ең әуелі өзіңіздің боксқа қалай келгеніңіз туралы айтып берсеңіз...

– Боксқа кішкентайымнан қызығушылық болды. Теледидардан Олимпиададағы жекпе-жектерді көріп, сол чемпиондар секілді болғым келді. Әкемнің нұсқауымен боксқа 13 жасымда келдім. Алғашқы бапкерім менің бойымдағы еңбекқорлықты байқап, дұрыс бағыт-бағдар берді. Алғашында жаттығулар ауыр болды, бірақ әрбір тер төгілген сәт мені мықты етті. Уақыт өте жарыстарға қатыса бастадым, жеңіс те, жеңіліс те болды. Бірақ бұл жол маған тек спортты ғана емес, өмірді де үйретті.

– Спортшы үшін жаттығу бірінші орында. Жаттығу жоқ жерде жеңісте жоқ. Айтыңызшы, жаттығуға қанша уақыт бөлесіз?

– Мен үшін жаттығу – күнделікті өмірдің бір бөлігі. Әрине әр спортшының бабы әртүрлі, бірақ менің күнделікті жаттығуларым 3-4 сағатқа созылады. Бұл уақытта физикалық дайындық, техникалық жаттығулар, рингтегі жұмыс және қалпына келтіру жаттығулары кіреді. Жексенбі күні, әдетте, демалыс күнім болады. Бірақ мен бұл күнді де жеңіл жаттығуға арнап, денені қалпына келтіруге уақыт бөлемін.

– Ең есте қалған жарысыңыз немесе жетістігіңіз туралы айтып беріңізші?

– Менің үлкен жетістігім – 2024 жылы ересектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатының жеңімпазы атанғаным. Бұл тек менің жеңісім ғана емес, менің туған жерім Қызылорда үшін де үлкен жеңіс болды. Сол сәтте бүкіл елімнің қолдауын сезініп, әр жеңіс үшін қаншалықты еңбек ету керектігін терең түсіндім.



– Жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Жарыс алдында өзіңізді қалай жігерлендіресіз? Мотивацияны қайдан аласыз?

– Шындығында, әрбір жарыс алдында біртүрлі қобалжу болады. Бірақ мен үшін ең маңыздысы – бұл қобалжудың мені күштірек ететіні. Жарыс алдында мен өзіме алдымда не күтіп тұрғанын іштей түсіндіремін. Менің мотивациям – менің мақсатым мен армандарым. Мен жеңіліс пен жеңісті қатар қабылдаймын, өйткені әрбір жеңіліс – жаңа сабақ, тәжірибе мен мүмкіндік. Сонымен қатар менің отбасымның қолдауы да үлкен

мотивация көзі. Жарыс алдында анама қоңырау шалып, сол кісінің батасын алып шығамын. Бұл менің жеңіске ұмтылуыма түрткі болады.

– Әрбір спортшының үлгі тұтар, еліктейтін спортшысы болады? Сіздің кумириңіз кім?

– Менің кумирім – Әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері – Сәкен Бибосынов және Азия чемпионы, Азия ойындарының қола жүлдегері – Сағындық Тоғамбай. Осы сандақтардан үлгі алып, бой түзеймін.

– Жарыс кезінде спортшыға эмоцияға берілмеу аса маңызды. Жалпы,

сіздің бойыңызда осы спорт арқылы қандай мінез-құлық қалыптасты?

– Бокс мені психологиялық тұрғыдан қатты өзгерткен спорт. Спорт болғаннан кейін түрлі эмоция болады. Әр жекпе-жек мені тыныштыққа, өзін-өзі басқаруға үйретті. Бұл спорт менің бойымда шыдамдылық пен қайраттылықты қалыптастырды.

– Азаматты 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарынан көре аламыз ба?

– Спортта жүрген әр адамның арманы – Олимпиада ойындарына бару, жеңу, әлемді мойындату. Бұл жарысқа дейін алда әлі талай сынақтар бар. Менің мақсатым – Олимпиадаға қатысу, әрі ол үшін барымды саламын деп сенемін. Әрине, ол жол өте ауыр әрі ұзақ. Бірақ мен дайындықты күні-түні жалғастырып, бар күш-жігерімді осы мақсатқа бағыттаймын. Әрбір күн менің Олимпиадаға дайындық кезеңім деп есептеймін. Сондықтан Олимпиадаға қатысу менің тек арманым ғана емес, өмірімнің шындығына айналады деп сенемін.

– Өзіңізден кейінгі ұрпақтарға боксқа қызығушылығы бар жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Мен әрқашан жастарға ең бастысы – өз армандарына сену керек екенін айтар едім. Бокс қиын жол, бірақ ол саған өзіңді тануға, мінезінді шыңдауға және нағыз ерік-жігерді дамытуға мүмкіндік береді. Егер боксқа қызығушылығың бар болса, оны тек хобби емес, өміріңнің бір бөлігі ретінде қабылда. Әрбір жаттығуда төккен тер мен күштің жемісі алда сені күтеді. Жас спортшыларға айтарым – мақсатқа жету жолында еш аянбай, еңбек етіңіздер, еңбек ешқашан зая кетпейді!

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Қасымхан СЕЙІТХАН,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ЕЛГЕ ЖҮРЕГІМЕН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ПОЛИЦЕЙ

Дастан Тұрсынов – Арал аудандық полиция бөлімінің көші-қон полиция тобының инспекторы. Ол он жылдан бері құқық қорғау саласында қызмет етіп келеді.

– Дастан Маратұлы, сұқбатымызды полиция қызметін таңдау себебіңізден бастасак. Бұл салаға қалай келдіңіз?

– Атам – Ұлы Отан соғысының ардагері. Кішкентай кезімнен сол кісінің әңгімелерін тындап өстім. Ол кісінің медальдарын көріп, түрлі оқиғалары мен ерлігін тындап өскен мен де есейгенде халыққа жанашыр полицей атануға қызықтым. Кейін Алматы қаласында әскер қатарында жүрген кезімде «Бүркіт» деген арнайы жасақтың құрамында болдым. Олар полиция қызметкерлерімен бірге жұмыс атқаратын. Жасақта жұмыс істеп жүріп, полиция қызметіне қызығушылығым ашылды.

– Қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы қылмыс қаншалықты жиі кездеседі және оның себептері қандай?

– Өкінішке қарай, жасөспірімдер арасында қылмыс жиі кездеседі. Олардың басым бөлігі отбасындағы әлеуметтік жағдайының төмендігімен байланысты. Жасөспірімдердің көбі қылмысты білместіктен, кейде қызығушылықпен істейді. Осыған байланысты мынандай оқиға болды. Үлкен сауда орталығында бір кісі киім тандап жүріп, телефонның сөрелердің бірінде ұмытып, өзі киімді киіп көру үшін арнайы бөлмеге кіреді. Оны көрген кішкентай қыз бала телефонға қызығып, өзімен алып кетеді.

Кейде балалардың қайыр сұрап отыратын кездері де болады. Оған балалар жоқшылықтан барады. Айталық, оларда қатарластары сияқты ұялы телефон ұстағысы келеді. Сондықтан осындай қадамға барады.

Заманның ағымына қарай вейп тұтынатын жасөспірімдердің саны көбейіп келе жатыр. Студент, оқушыларға электронды темекі сатылмайды. Сол себепті олар дүкеннен ол затты ұрлап алып кетуі немесе онлайн тапсырыс беру арқылы сатып алуы жиі кездеседі.

Осындай жағдаяттар жасөспірімдер арасында өте көп.

Оның себебі төмен әлеуметтік жағдай және ата-аналардың балаға жеткілікті көңіл бөлмеуі.

– Осы мәселенің алдын алу үшін қандай шаралар тиімді деп санайсыз?

– Менің ойымша, мектепте профилактикалық сабақтар өткізілсе және полиция қызметкері мектептерге барып, жасөспірімдер тарапынан жасалған қылмыстарды және оның неге әкеліп соққанын көрсетсе, көп балалар түсінеді деп ойлаймын.

Заң талабына сәйкес, бізде уақытша ұстау орындары (оқшаулағыш) бар. Қылмыскерлерді уақытша қамайтын кішігірім түрме. Балалардың ата-анасынан рұқсат алып, осындай абақтыларды көрсетіп, қылмыстың соңы осымен аяқталады деп профилактикалық жұмыстар өткізу керек секілді.

Біздің халықта «қазақшылық» деген ұғым бар. Осыны қолдана отырып, баланы қоғаммен бірге тәрбиелеуге болады. Балалардың жиналысына ата-аналар да қатысып, видео көріп, біздің жұмысымызбен таныса алады. Мысалы, профилактика ретінде қылмыс жасаған жасөспірімдерді сөйлетіп, балаларға сабақ болсын деп кездесу ұйымдастыруда жақсы әдіс.

Мұнан бөлек, «Қоғамдық тәрбиелеу жұмыстары» бар. Ауданымыздың үлкен ақсақалдары, абыздары ақыл айтып, түсіндірме жүргізсе қоғамға оң әсері тиетін еді. Жақында № 71 орта мектепте «Полиция сыныбы» ашылды. Біз оларға барып, қылмыстың алдын алу, қандай оқиғалар қылмыс болып саналатыны туралы сабақтар жүргізбекшіміз. Осындай сабақтар тек орта мектепте ғана емес, барлық мектептерде өтсе және басқа да құқық қорғау органдарымен (прокуратура, пробация қызметкерлерімен) бірге өткізген дұрыс деп санаймын.

– Құқық қорғау саласына қызығатын жастарға қандай кеңес берер едіңіз?



– Құқық қорғау органдарында жұмыс істегісі келетін жастар мүмкіндігінше жан-жақты болуы керек. Полиция қызметкері – әмбебап маман. Ол әртүрлі жағдайларға түседі. Кей кезде жүк көлігінің жүргізушісі болу керек, кейде кішкентай баланы жұбататын күтуші, отбасыны бір бітімге келтіретін медиатор, құтқарушы, өрт сөндіруші де бола білуі керек.

Талапкерлер шапшаң, тез ойлайтын, бірнеше тіл білетін болуы да қажет. Себебі жұмыс барысында біз тек жерлестерімізбен ғана емес, шетел азаматтарымен де жұмыс істейміз.

Қазақстанның беделін көтеремін деп осы салаға келетін мамандар болса бұл үлкен жеңіс. Егер азаматтардың спорттан алған жетістіктері болса, арнайы жасақтың қызметкері атанса, бұл да полиция қызметкері болуда үлкен көмек береді.

Сондай-ақ ең бастысы, Дінмұхаммед Қонаев атамыз айтқандай, «Қанша биіктікке көтерілсемде, халықтан төмен екенімді ұмытқан емеспін» деген қағиданы ұстануы керек. Барынша қарапайым болуы қажет.

– Жұмысыңызды тиімді әрі азаматтарға ыңғайлы ету үшін учаскелік полиция жүйесінде нені өзгерткіңіз келеді?

– Өзім қызмет ететін сала болғандықтан біраз кемшіліктерді

байқаймын. Халықпен көп жұмыс істейтін болғандықтан, айыппұлдың бағасын түсірсе деймін. Полиция қызметкерлерінің, оның ішінде жол патрульдік полицияның жұмыс уақытын, нормативтерін оңтайландырып берсе және материалды-техникалық базаларды жетілдіріп, жаңартып берсе деген ұсыныс білдіргім келеді.

– Жалпы полиция қызметкерлерінің басынан біраз оқиғалар өтеді ғой. Бізге жұмыс барысында болған бір тосын жағдайды айтып берсеңіз.

– Өз басымнан өткен оқиға. Жан-жал туындаған. Үйде ұрыс болған екен. «Күйеуім табыс таппайды» дейді әйелі. Тамақ алуға қаражат жетпейді екен.

Осындай тұрмысы төмен отбасыларға барғанда азық-түлік алуға айлығымынан болсын көмек беріп тұрамын. Негізі бұл туралы ешкімге айтпайтын едім. Формамен бармай, демалыс күндері жалақы түсті дегенде барып, көмек беруге, қолымда барыммен бөлісуге тырысамын. Жаңа жылдың кезінде күнкөрісі төмен отбасының балалары сыйлықсыз қалмасын деп, ақша берген кезімде болды.

Кейде көпбалалы отбасыларға да жолығамыз. Олардың ата-аналары жұмыс істесе де кейде қаражат жетпей қалатын сәттер болады. Осындай отбасыларға қыркүйек қарсаңында сөмке, дәптер, қалам алып беріп тұрамын. Мұны айтудағы басты себебім – жастар үлі алса екен. Жамандықтың алдын алып, жақсылықтың жарығысы болайық.

– Жақсы полицей болу үшін қандай қасиеттер қажет деп есептейсіз?

– Феликс Джерзински кеңес одағындағы НКВД құқық қорғау органдарында тұратын адамдарға айтқан сөзі «Суық сана, ыстық жүрек, таза қол» еді. Осы үш нәрсені ұстанса, жаман қызметкер болмас деп ойлаймын.

– Сұхбат үшін рақмет!

Мерей МАЙБЕКҚЫЗЫ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Балалық шақ – тәтті естелікке толы кезең. Ал сол уақыттағы естеліктің бірі, әрине, кэмпит, шоколад, түрлі-түсті дражелер еді. Әсіресе, дүкен сөрелерінде жарқырап тұрған «Chupa Chups», «Kinder Surprise» пен «M&M's» баланың көңілін бірден өзіне тартады. Осы тәттілердің тарихына көз жүгіртуді жөн көрдік.

Өзі арзан, тәтті, шағын ғана «Chupa Chups»-ты тапқырлық десек, қателеспейміз. Оны Энрике Бернат ойлап тапқан. Ал басты мақсаты – балалардың қолын былғамай жей алатын кэмпит ұсыну еді. 1958 жылы Испанияда дүниеге келген өнім расымен бала үшін қолайлы. Бір сөзбен таяқшадағы тапқырлық десек те болады. Ал логотипін әйгілі суретші Сальвадор Дали салып берген. Бұл бренд бүгінде әлемнің түпкір-түпкірінде сатылады.

Сөрелерде көздің жауын алатын келесі тәтті – шоколадты жұмыртқа. Иә, дәл қазір біз 1972 жылы Италияда пайда болған «Kinder Surprise» туралы айтып отырмыз. «Ferrero» компаниясы бұл өнім арқылы балалардың қиялын дамытып, кол икемділігін жетілдіруді көздеген екен. Тәтті мен шығармашылықты қатар ұсынған бұл бренд бүгінде миллиондаған баланың жүрегінен орын тапты. Жұмыртқа пішінді шоколадтың ішінен шағын ойыншық шығуы бала үшін, әрине, қызықты.

Ал 1941 жылдары АҚШ-та алғаш өндірілген «M&M's» шоколадты дражелерінің идеясы 1939 жылы пайда болған. Форрест Марс сол жылы Испанияға сапары кезінде шоколадтың ыстыққа еріп кетпеуі үшін глазурьмен қапталғанын көреді. Мұндай тәсілмен жасалған шоколад қолды былғамайды. Ал Форрест бұл ойды 1941 жылы өндіріске шығарады. Дегенмен сол уақыттағы соғыстың әсерінен шикізат тапшылығы басталады. Ең қызығы, бұл драже әскери бөлімшелерде берілетін тағамның құрамына енген. Оның ыстыққа төзімділігі үлкен рөл атқарған секілді. Ал соғыс аяқталғаннан кейін әлемге тарап, танымал брендке айналды. Бүгінде «M&M's» тек дәмімен емес, түрлі-түсті көңілді образы арқылы да көпшілікке жақын.

Жалпы әр өнімнің түсі де, дизайны да, қорабы да бала түгілі, ересектер қызығатындай-ақ. Бүгінде танымал тәттінің бірі – түрлі түске боялған мармелад. Мармеладтың өзі «айвадан жасалған тәтті» дегенді білдіреді. Айва мен балдан жасалған тәттілердің тарихы Римнен басталады. Ал цитрус жемістерінен жасалатын мармелад 17 ғасырда Еуропада танымал болған. Ал бүгінде түрлі түсті жолағы бар мармелад сұранысқа ие. «Радуга» мармелад алғаш 1990 жылдары Германия мен Испанияда дайындала бастаған. Қант, желатин, табиғи, жасанды дәмдеуіштер мен бояғыштардың қосындысы арқылы жасалған бұл мармелад тез арада танымал болды. Бірақ басты құпиясы – түстерінде еді. Қазір бұл өнім Қытай, Корея, АҚШ, Еуропа, Қазақстан мен Өзбекстанда кең таралған. Қазақстанда TikTok пен Instagram арқылы жастардың арасында «rainbow candy challenge» сияқты трендтер бұл өнімді «жұлдызға» айналдырды.

Бүгінде баланы қуанту үшін тәттіні жиі сатып аламыз. Десек те бұл өнімді шектеулі мөлшермен тұтынған жөн. Баланың денсаулығы – басты байлық. Балалық шақ тәтті, бастысы дені сау болсын.

Нұржамал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,

Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің студенті



Сенімді серік еткен Ақниет

Қазақ халқы ерте заманнан қыз баласының тәрбиесіне ерекше мән берген. Сол себепті ата-бабаларымыздың дәуірінде туындаған «Қызға қырық үйден тыйым» деген нақыл әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған. Бұл ұғым қыз баланы бөтен көзден, жат қылықтан, жағымсыз ортадан қорғау мақсатында қолданылып, ауыл-аймақ болып қыздың тәрбиесіне атсалысқан. Бірақ бұл қағида бүгінде заман ағымына сай өзектілігін қайта қарауды қажет етеді.

Жаңа ғасыр – ой еркіндігі мен тұлғалық даму ғасыры. Осы тұрғыдан алғанда, қыз баланы тыюдың шекарасын қайта пайымдау маңызды. Қазіргі қоғамда тыйым салу арқылы емес, түсінікпен тәрбиелеу. Шектеу қою емес, қолдау көрсету. Бақылау емес, бағыт беру. Жасөспірімдерге сенім артып, олардың ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау – уақыт пен заман талабы.

Осы ұстанымды мәдениет пен өнер саласында насихаттап жүрген жас өнерпаздың бірі – Ақниет Сапарбек. Қызылордалық жас жұлдызбен сұқбаттасудың сәті түсті.

– Ақниет, сіз хореографиямен айналысасыз. Биге деген қызығушылығыңызды неше жастан бастап байқадыңыз?

– 6 жасымнан бастап биге қатыстым. Өнер мектебін бітіргенмін. Көбіне дәстүрлі билерді ұнатушы едім. Тіпті 10 сыныпта биші болып жұмыс істедім. Негізгі өзгерістерді ұнатамын, бір қалыпта ұзақ уақыт бола алмаймын. Өнер мектебін тәмамдаған соң, суда жүзуге 4 жыл қатыстым.

– Білүімізше, сіз «Instagram» желісінде модельсіз. Модель болу басты қызығушылығыңыз ба?

– Модельдікке өзім қызыққан емеспін, тек 11 сыныпта осы сала арқылы өз шығындарымды өзім өтегім келді. Басында 1-2 дүкенде модель болып, кейіннен камераға үйрене бастадым. Тәжірибем артты әрі сұранысқа ие бола бастадым. Осылайша модельдік тұрақты жұмысыма айналды.

– Бастамаңызға ата-анаяңыз бен жақындарыңыздың ықпалы қандай болды?

– Ата-анам әрдайым қолдау көрсетті. Осы уақытқа дейін не бастасам да, ең бірінші мотиваторларым, қолдаушыларым сол кісілер дер едім.

Негізі мені көп адамның ойына құлақ аспайтыным бар. Маған ата-анамның пікірі мен қолдауы жеткілікті.

– «MISS KYZYLORDA» жобасы туралы алғаш қайдан естідіңіз? Бұл байқауға қатысуыңыздың басты себепкері кім болды? Көп қолдау көрсеткен адам жайлы айтып берсеңіз.

– Бұл жобаны бала кезімнен білемін. 7 сыныптан бері әр шығарылымым үзбей көретінмін. Ешкім себепкер болған жоқ, бұл өзімнің қалауым болды және ішкі қалауымды орындадым десем болады. Бұл кезеңде де ата-анам демеу болды.

– Жобаға қатысу барысында қандай қиыншылықтармен бетпе-бет кездестіңіз?

– Сенімсіздік болмады, бірақ миымнан «қайтсем де осы басқаудың тәжіне қол жеткіземін» деген ой кетпеді. Сенімсіздік, қобалжу, «жеңіліп қалсам не болады?» деген қорқыныш мүлде болмады. Іштей өзіме сенімді болдым.

– Сайыс неше кезеңнен тұрды? Есте қалған кезең туралы айтып беріңізші.

– Байқау 4 кезеңнен тұрды. Қиындықтарына қарамастан, мүлдем уайым болмады. Бірақ «Өз өнері» кезеңінде терлеуге туралы келді. Себебі менің көрсететін өнерім – би болды. Шығармашылық нөмірдің әр қимылын өзім ойлап таптым. Одан кейін бишілердің де киімдерін өзім тіктірдім. Сондықтан бұл кезең «қазылар алқа-



сының көңілінен шығар ма екен?» деген күмәнді ой мазалағанын жасырмаймын.

– Жүлделі болғаннан кейін қандай эмоцияда болдыңыз? Басқа қатысушылармен қарым-қатынасыңыз қандай болды?

– Жүлделі болғаным ең әуелі сеніммен дұға-тілегімнің арқасында деп білемін. Барлығы үшін – шүкір! Тынбай дайындалып, сол еңбекті мықтылап көрсетудің өзі де бір өнер деп санаймын. Қатысушы қыздарға көзқарасым мүлде өзгермеді, қайта дайындық барысында жақын құрбы болып кеттік. Мен қалай жақсы өнер көрсетсем, олар да менен кем түспеді дер едім. Барлық қыз сұлу, талантты болды. Әрқайсысының көзінде оты бар.

– «VICE MISS» атағын алып жүрудің ерекшеліктері бар ма? Келешекте бұдан да басқа жобаларға қатысу ойда бар ма?

– «VICE MISS» атағын алып жүру – соған лайықты өзінді ұстап жүру деп түсінемін. Яғни абыройынды түсірмей, әрдайым тәрбиені бірінші орынға қоя білу.

Үлкен мүмкіндіктерден ешқашан бас тартпаймын. Егер де ұсыныстар немесе тағыда байқауға қатысудың сәті түссе, өз бағымды сынаймын. Тағы да жеңіс тұғырынан көріну үшін еңбектенемін.

– Ақниет, жауабыңызға рақмет!

Мадина

ТЕҢІЗБАЙ,

Қорқыт ата

атындағы

Қызылорда

университетінің

студенті